

# ОРТА АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Әр тоқсан сайын шығатын ақпараттық-сараптамалық бюллетень

«Орта Азиядағы адам құқығы мен құқыққорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасы

№ 3 шығарылым [маусым-қыркүйек 2009 жыл]



Еуропалық  
комиссия



Соғыс және бейбітшілікті  
жариялау жөніндегі Институт

## **Құрметті оқырмандар!**

Біздің ақпараттық-сараптамалық бюллетеніміздің кезекті үшінші жарияланымында Сіздердің назарларыңызға жоба қызметі жайындағы жаңалықтар мен Орта Азия елдеріндегі адам құқықтары мәселелерін көтеретін мақалаларды ұсынамыз. Бұл нөмір азаматтық қоғамның түрлі жастағы және әлеуметтік жағдайдағы топтардың мәселелеріне тоқталады.

Бюллетень «Орта Азиядағы адам құқығы мен құқықорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында, Соғыспен бейбітшілікті жариялау жөніндегі британдық институты арқылы жүзеге асырылып, Еуро Комиссияның қолдауымен ба-сылды. Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығын қорғау саласындағы қоғамның ақпаратпен қамтамасыз етуінің деңгейін көтеру жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып есептеледі. Бүгінгі күні жоба Қырғызстандағы балалардың білімге қол жеткізу туралы сұрақтарын, Тәжікстандағы өз өзіне қол жұмсаушылықтың көбейіп кетуіне байланысты мәселелердің, Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты мәселелерге қатысты диалогтық байланысқа қатысты сұрақтарды шешіп, қамтамасыз етіп отыр. Жобаның келесі бағыты үкіметтік емес ұйымның мүшелерін қоғаммен байланысқа, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас құруға және адам құқығына қатысты халықаралық стандарттар мен сол саладағы ұлттық заңнама туралы журналистерге арналған тренингтер өткізеді.

IWPR бүгінгі таңда Еуропада, Ауғанстанда, Иранда, Иракта, Сирияда, Филиппинде, Уганда, Солтүстік Африкада, Зимбабведе, Кавказда және Орта Азия мемлекеттерінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Орта Азиялық аймақта IWPR-дың сәтті қызметі 1999 жылдан бастау алған. Осы уақыт аралығында Институт мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) және медиа құрылымдармен конструктивті қарым-қатынас орнатты. IWPR алғашқылардың бірі болып жергілікті журналистермен қарым-қатынас құрып,

оларға шетелдегі әріптестерімен байланыстарын дамытуға көмектесті.

Уақыт өте келе серіктестік тығыз қарым-қатынастар түріне айналды. Мұндай тәсіл жаңа байланыстардың кеңеюін, идеялардың, білімнің және машықтармен алмасуды қамтамасыз етті. Тілдік тосқауыл мен көзқарастардың әр түрлі болуына қарамастан, [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net).

[www.iwpr.net](http://www.iwpr.net) сайтында көптеген мақалалар жарық көруі, жемісті жұмыстың қорытындысы болып есептеледі. Осындай жұмыстың арқасында IWPR адам құқығына байланысты, демократия мен басқа да қақтығыс тудыратын тақырыптарды, сұрақтарды баяндауға қатысты едәуір үлесін қосты.

Бюллетеннің әр нөмірінде біз сіздерді жобаның қызметімен, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы адам құқығын бұзуға қатысты әр түрлі жағдайлармен таныстыруға, сонымен қатар, біздің аймақтағы мемлекеттердің шынайы жағдайын объективті түрде баяндауға тырысамыз. Мүмкіндікті пайдалана отырып, бұл нөмірді пайдалы, қызықты деп санаған адамдарға алғысымызды білдіреміз және Жаңа 2010 жылы Сіздерге жақсылық пен сәттілік тілейміз!

## ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# 03

### ҚАЗАҚСТАН

# 18

**Жеке өмір құпиясы туралы жаңа заң сөз бостандығына деген қысымды күшейте түсуі мүмкін**

*БАҚ-ның құқығын қорғап жүрген құқыққорғаушылардың сөзіне қарағанда жаңа заң билік үшін қолайсыз фактілерде әшкерелеуде журналистердің мүмкіндігін шектейді.*

**Құл иеленушілік шығыс Қазақстанда етек жайып бара жатыр**

*Заң бұзушылар үй-жайы жоқ жандарды ұрлап, оларды құл есебінде қара жұмысқа салуда.*

### ТӘЖІКСТАН

# 25

**Қарттар өмір сүру үшін күресуде.**

*Аз көлемдегі зейнетақы және төмен жалақы көлемі көптеген қарттардың суық пен аштықта өмір сүруіне себеп болып отыр.*

**Бұрын сотталған әйелдер арасындағы жұмыссыздық мәселесі.**

*Кедейлік пен қоғамның масқара деп танитын, сотталған әйелдерге деген көзқарасы пенитенциарлы мекемелерден босап шыққан әйелдер арасында қайыра сотталғандардың кездесуіне әкеліп соғуда.*

## ӨЗЕКТІ СҰХБАТ

# 11

### ҚЫРҒЫЗСТАН

# 22

**Қырғызстан мектептері үшін жасөспірімдер арасындағы қылмыс өзекті мәселеге айналып отыр.**

*Сарапшылардың айтуы бойынша, жасөспірім-құқық бұзушылар кейде тек айналысында болып жатқан дүниені қайталайды.*

### ӨЗБЕКСТАН

# 29

**ҚҰҚЫҚОҒАУШЫ БІР ЖЫЛЫН КЕМ ОТЫРЫП ШЫҒАДЫ**

### ТҮРКМЕНСТАН

# 30

**ТҮРКМЕНСТАНДА ӨЗІРГЕ ҚҰҚЫҚОРҒАУШЫЛАРҒА ОРЫН ЖОҚ.**

## ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### Орта Азиядағы құқықорғау интернет-бастамалар мен онлайн-журналистика» дөңгелек үстелі

2009 жылдың 24 қарашасында, Бішкек қаласында «Орта Азиядағы құқықорғау интернет-бастамалары мен онлайн-журналистика» дөңгелек үстелі өтті.

Дөңгелек үстел аясында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан келген қатысушылар Орта Азия аймағы мен жекелеген елдердегі Интернеттегі сөз бостандығы деңгейі жайындағы ақпаратпен бөлісіп, жалпы осы сала жайын талқылады.

Internet world stats ([www.internetworldstats.com](http://www.internetworldstats.com)) статистикалық мәліметтеріне қарағанда 2009 жылдың қыркүйегіндегі Интернеттің Орта Азияға дендеп ену деңгейі келесідей:

**Қазақстан – 14,9 %**



**Қырғызстан – 15,6 %**



**Тәжікстан – 8,2 %**



**Түркменстан – 1,5 %**



**Өзбекстан – 8,9 %**



Сонымен қатар сарапшылар интернеттегі құқық қорғау бастамалары жайынды айтып берді, ақпарат таратудағы жаңаша және креативті шешімдер тәжірибесімен бөлісті.

Қатысушыларға Орта Азиядағы онлайн журналистиканы дамытудың басым бағыттарын талқылау мен осы саладағы қазіргі күні кездесетін мәселелер жайлы ой бөлісу ұсынылды.

Интернеттің аймақтағы ел ішіндегі және ел аралық негізгі байланыстырушы арна ретіндегі рөлін ескерсек, бұл ұсыныстар түрлі идеялар мен жобаларға өзекті әрі пайдалы бола алады.

Дөңгелек үстелдің қатысушылар мемлекеттік органдар өкілдері, журналистер, парламентарийлер, Орта Азиядағы қоғамдық және халықаралық ұйымдар болды.

Дөңгелек үстел кезінде сөз алған қазақстандық сарапшы, Қазақстан Республикасы

Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, әлеуметтік-экономикалық зерттеу бөлімінің меңгерушісі Антон Морозов Қазақстандағы интернет-кеңістіктің дамуына кедергі болып отырған негізгі мәселелер деп келесі себептерді атап көрсетіп кетті: Интернетті пайдаланудың қымбаттылығы, инфрақұрылымның әлсіз дамуы, журналистік төмен деңгей және жеткілікті көлемдегі материалдық ресурстар мен тәуелсіз сайттардың болмауы. Бұл мәліметтер Қазақстандағы «Эпицентр» агенттігі жүргізген әлеуметтік зерттеуден алынды.

Тәжікстандағы қазіргі кездегі Интернеттің негізгі тенденциялары Интернеттің енуінің төмен деңгейі, ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласы мамандарының медиа қоғамға жетіспеуі болып отыр. Бұл жайында Дөңгелек үстел барысында Тәжікстанның ұлттық БАҚ Тәуелсіз Ассоциациясының төрағасы Нуритдин Каршибоев айтып кетті. Ол онлайн-





журналистиканың Тәжікстанда бұдан төрт-бес жыл бұрын пайда болғанын және Республикадағы осы күнгі онлайн журналистердің басым бөлігінің өз бетінше оқығанын айтты. Оның ойынша осы себепке байланысты Тәжікстанда және басқа да аймақ елдерінде журналистердің интернеттегі жұмысының ерекшеліктері бойынша үйретуші семинарлар өткізу қажет.

Өзбекстан бойынша саясаттанушы Ташпулат Юлдашев компьютерлендіру көлемі бойынша Өзбекстан ең кедей деген африкандық елдерден кейін қалып отырғанын ай-

тып кетті. Халықтың 90 %-ы қымбаттылық пен төмен тұрмыс деңгейін байланысты компьютерге қол жеткізе алмай отыр, ал бұл Өзбекстандағы Интернеттің дамуына кедергі келтіруде.

Шараның негізгі мақсаты Орта Азия мемлекеттері Үкіметтеріне, медиа қауымға және азаматтық секторға арнап ақпараттық ресурстардың тиімділігін арттыру мақсатында ұсыныстар әзірлеу болды. Жекелеп алғанда, ел Үкіметтеріне Интернет пен онлайн журналистикаға қатысты заң қабылдаған кезде жалпы қоғамның пікірін ескеру, халықтың Интер-

нетке қол жеткізу деңгейін арттыру мақсатында жұмыстар атқару, адам құқықтарына, компьютер және Интернет сауаттылығына байланысты ақпарат ағынын арттыру ұсынылды.

Азаматтық қоғам өкілдері жалпы жұрттың адам құқығы саласы бойынша сауаттылығын арттыру мақсатында құқыққорғау ұйымдарының іс-әрекетін біріктіру қажет деп есептейді. Сонымен қатар, журналистерді, ҰЕҰ өкілдерін, құқыққорғаушылар мен олардың аудиториясын интернет-технологияларға, блог, әлеуметтік желілерді жүргізу мен дамытуға, ақпараттық қауіп-

### **«Орта Азиядағы құқыққорғау интернет-саттамалар мен онлайн журналистика» дөңгелек үстеліне қатысушылардың ұсыныстары**

Дөңгелек үстелге қатысушылар, Орта Азия құқыққорғаушылары, журналистер интернет-саланың дамуының ерекше маңыздылығына маңыздылығына баса назар аудара отырып, келесілерді ұсынады:

#### Орта Азия елдерінің Үкіметтері мен басшыларына, Орта Азия елдерінің Парламенттеріне:

- Интернет, онлайн-журналистика саласы бойынша заң қабылдау кезінде қоғамның пікірін ескеру, сауалнамалар, зерттеулерге мән беріп отыру;
- халықтың Интернетке қол жеткізуі деңгейін көтеру мақсатында жұмыстар атқару, адам құқықтарына, компьютер және Интернет сауаттылығына байланысты ақпарат ағынын арттыру;
- интернет-ресурстардағы мемлекеттік бақылауын азайтып, осы саладағы нарық пен жеке

бастамалардың дамуына басынша жағдай жасау;

– пайдаланушылар үшін интернет бағамы мен қызметін түсіру мақсатында интернет-провайдерлер мен осы саладағы басқа да бағыттарға арнап фискалды саясатты түзеу.

#### Қоғамдық және халықаралық ұйымдарға ұсыныстар:

- адам құқықтары мәселелері жаында елді хабардар ету мақсатына интернет-технологиялар спектрін барынша зерттеу, пайдалану;
- құқыққорғау интернет-жобаларының саласындағы үздік мамандардың әмбебап, ашық базасын жасақтау;
- аймақ елдеріндегі құқыққорғау ұйымдарының адам құқығы саласындағы елді ақпаратпен қамтамасыздандыру мақсатында жасланып жатқан жұмыстарын интернет арқылы байланыстырып, біріктіру;
- журналистерді, ҰЕҰ өкілдерін, құқыққорғаушылар мен олардың аудиториясын интер-

нет-технологияларға, блог, әлеуметтік желілерді жүргізу мен дамытуға, ақпараттық қауіпсіздіктің жаңа әдістеріне және өзге де мәселелерге баса назар аудара отырып, үйрету;

– қоғамдық маңызы бар ақпаратты таратуда мобилді технологияларды қосымша құрал ретінде пайдалану;

– өз бағдарламалары мен жобаларында онлайн журналистиканы және интернет-жобаларды басым бағыттардың бірі ретінде қарастыру.

БАҚ-на ұсыныстар:

- интернет-ресурстарда адам құқығы тақырыбын белсенді және жүйелі түрде көтеру;
- толеранттылық, объективтілік, шынайылық принциптерін ұстануға, бір қалыптылықты сақтап, сезімге берілмеу, ақпарат үшін жауапкершілікті сезінуге, он-лайн журналистикадағы авторлық құқықты сақтау;
- Интернет арқылы таратылатын барлық материалдарда этика нормаларын (Нетикет) сақтау.

## ТРЕНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ



*2009 жылдың 20-21 қарашасында Алматы қаласында Орта Азия елдерінің журналистері мен ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен тренерлерге арналған тренинг болып өтті. Аталған тренинг Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR) мен Еуро Одақтың «Орта Азиядағы адам құқығын және құқық қорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында өткізілді.*

сіздіктің жаңа әдістеріне және өзге де мәселелерге үйрету қажеттігін айтып кетті.

Өз кезегінде, дөңгелек үстелге қатысушылар бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне толеранттылық, объективтілік, шынайылық принциптерін ұстануға, бір қалыптылықты сақтап, сезімге берілмеуге және Интернет арқылы таратылатын барлық материалдарда этика нормаларын сақтауға (Netiket), ақпарат үшін жауапкершілікті сезінуге, он-лайн журналистикадағы авторлық құқықты сақтауға кеңес берді.

*Өзбекстаннан келген қатысушы: «Тренинг өте қызықты көптеген мәліметтер берді. Мен бұл тренинг Орта Азия елдерінің журналистер қауымына арналған жаттықтырушыларды дайындаудағы алғашқы шараларды бірі болады деп үміттенемін. Тренинг керемет жұмыстың көңіл-күйінде өтті».*

*Флюра Надырова, Қырғызстандағы ХӘҚБ өкілі: «Қызықты әрі түсінікті сөз, іріктелген үлестірме қағаз, Орта Азия елдерінің қатысушыларының тәжірибесі менің білімімнің ұлғаюына көмек берді».*

*Яна Бачевская, Талдықорғаннан келген журналист (Қазақстан): «Тренингке бірінші рет келіп отырған жоқпын, бірақ, осы тренинг өзінің әрекеттілігімен, мазмұндылығымен ерекшеленді. Талқыланған тақырыптар мен ұсынылған материалдардың тәжірибелігімен маңызды. Жаңа көптеген стратегиялар болды».*

*Мурод Сатиев, Тәжікстандық қатысушы семинардың практикалық жаттығуларға, аудитооиямен жүргізілген түрлі жұмыстарға, үлкен көлемдегі үлестірме материалдарға толы болғанын және оның алынған білімді толықтыруға көмектесетінін айтып кетті.*

Тренингтің негізгі мақсаты келесілер болды: қатысушыларға жаттықтырушының басты жұмыстарын, оны ұйымдастыруды, шара мақсаты мен қатысушылардың ерекшеліктерін ескере отырып топтық интерактивті оқытуды үйрету; қатысушыларға өздерінің жаттықтырушылық тәжірибесін тренинг кезінде пайдаланып, оны бағалауда, қалыптастыруда, көмек беру, жақын уақытта оның жеке аймағын жоспарлау, жаттықтырушылық әдістемені журналистикаға, құқықтық журналистикаға, адам құқықтарына үйретуге бейімдеу; қатысушылардың жаттықтырушылық әдіс-тәсілдерін көбейту, кеңейту.

Тренинг жұмысы нәтижесінде шағын дәрістер мен жалпы топқа арналған пікірталастар, шағын топтар мен жұптар арасындағы жұмыс, тәжірибелік және ойын түріндегі жаттығулар, тәжірибе алмасу, өз-өзін зерттеу тәсілдері қолданылды.

Қатысушылар болашақта келесі бағытқа баса мән беретін тренингтік шаралар сериясына шақырылып тұрады: жалпы көпті қамту стратегиясын құру мен хабарламаны әсерлі түрде дайындау, баспасөз мәлімдемелерін жазу, баспасөз іріктеулерін дайындау, журналистиканың халықаралық стандарттары мен адам құқығы жайлы ақпарат тарату, журналистерге арналған адам құқығы тақырыбы, адам құқығына байланысты зерттеу бағытындағы немесе арнайы репортаждар жүргізу.

Жаттықтырушы ретінде MediaNet Халықаралық журналистика орталығының (Қазақстан) директоры, осы орталық медиа-мектебінің жаттықтырушысы, 80-нен астам тренинг өткізген Вячеслав Абрамов шақырылды. Вячеслав сонымен қатар, Voice of Freedom Central Asia [www.vof.kg](http://www.vof.kg) құқыққорғау порталының шеф-редакторы болып табылады.



## «ИСЛАМДАҒЫ ЖӘНЕ ОСЫ КҮНІ ҒАЛАМДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІГІНІҢ АРА ҚАТЫНАСЫ» ДӘРІСІ

2009 жылдың 16 желтоқсанында Бішкек Гуманитарлық Университетінде саясаттану және ислам зерттеулерінің докторы Кадыр Маликовтың «Исламдағы және осы күні ғаламдағы адам құқықтары мен еркіндігінің ара қатынасы» тақырыбына ашық дәрісі өтті. Ашық дәріс Еуро Одақтың қаржыландыруындағы Соғыс және бейбітшілік бойынша Институтының «Орта Азиядағы адам құқығы мен құқыққорғау білімін БАҚ-ның көмегімен қорғау» жобасының аясында өтті.



«Ислам концепциясындағы адам құқығы мен еркіндігін бүгінгі күннің концепциясындағы адам құқығы және еркіндігімен ара қатынасын салыстыра қарау қандай құқықтар мен еркіндіктің әмбебап, ал қандай құқықтар мен еркіндікті қандай да бір қоғамның ерекшелігін, салт-дәстүрін, мәдениетін, дінін және әдет-ғұрпын ескере отырып қолдануға болатынын анықтауға болады», - деп бастады өз сөзін Маликов мырза.

«Барлық әлемдік діндердің арасынан исламның мемлекет пен құқыққа ең жақын екені сөзсіз факт. Исламның табиғатының өзінде қоғамды құрудың негізі қаланған. Бұл, ең бірінші кезекте, ортада мұсылмандық құқық бар ислам мемлекетінің құрылуына әкелді».

К. Маликов докторың сөзіне қарағанда: «мұсылман құқығында адам құқығының нормаларының қандай да бір шешілуі көсетілмеген. Бірақ, адам құқығы ислам саясаы моделінде негізгі орынға ие. Адам құқығы нормалары Құрандағы, Сүннеттегі мұсылман құқығында көрсетілген».

«Мысалы, Құранда мынадай аят бар: «О, адамдар, біз сен-

дерді ерлер және әйелдер қылып жараттық және біз сендерді тайпалар мен ұлттарға бөлдік, бұл сендерді бір-біріңді тану үшін қажет, бірақ араларыңдағы ең қымбаттылары құдайдан қорыққандарың». Осы аяттың негізінде ер мен әйелдің, түрлі тайпалармен ұлттардың құқық теңдігінің заңдық түсінігі қалыптасады. Ал «Дінге зорлықпен көндіруге болмайды» аяты бойынша дін және сенім еркіндігі туралы бойынша құқық түсінігі қалыптасады».

«Адам құқықтарына қатысты мәселелерді қарастыратын ислам құқығы нормаларының басы осы жақында бірікті: 1981 жылы Еуропа Ислам кеңесінің бастамасымен адам құқықтары бойынша Жалпы ислам декларациясы қабылданды. Декларацияның алғашқы баптарында Қоран мен Сүннетке негізделген өмір сүруге, еркіндікке, теңдікке, әлеуметтік қорғауға және сенім еркіндігіне құқық жайлы жазылған. Бұл құжаттың осы және басқа да баптарын Батыстың адам құқықтары бойынша декларациясына теңестіруге болады».

Доктор К. Маликов «Ислам келісімдерін адам құқықтары бойынша зерттей келе бұл ке-

лісімдердің бірқатар кемшіліктері бар екенін айта кету қажет. Олардың негізгісі – аталған келісімдерді күнделікті өмірде қолданудың мүмкін еместігі. Бұл, біріншіден, көптеген араб мемлекеттерінің жиырмасыншы ғасырдың ортасында мұсылмандық құқықтан негізгі құқықтық форма ретінде бас тартып, толық ислам мемлекеті болмауымен түсіндіріледі Міне, сондықтан да біз бүгін мұсылман елі бола тұра ислам заңдылықтары мен ережелерін сақтамай отырған мемлекеттерді кездестіреміз. Бүгінгі шындық осындай».

«Адам құқығы бойынша ислам принциптерінің орындалуы мен қорғалуын толық қамтамасыз ететін механизм жоқ. Бұл құқықтар бұзылған жағдайда жоғарғы инстанцияларға немесе ислам әлемінің алдыңғы қатарлы елдеріне шағым жасау жүйесі де қалыптаспаған».

Дәріс соңында студенттер дәріскерге сұрақтар қойды. Бұл жағдайда, сұрақтар тақырыбының кеңдігін және кейде дәріс аясынан шығып жатқанын айта кету қажет. Мысалы, студенттердің бірі салафизм мен вахабизмнің айырмашылығы жайында сұрады. Келесі бір



студент Ирандағы ислам революциясының тарихи мәнін ашып көрсетуді өтінді. Сонымен қатар, мұсылман және иудей дәстүрінде кездесетін сүндетке отырғызуының бала құқығына қатысы және исламдық құқықтағы ерлі-зайыптылардың бір-бірінің көзіне шөп салуына байланысты сұрақтардың қалай шешілетіндігі де қызықтырды. Ал дәріскердің ойынша ең қиын сұрақ адам құқықтары бойынша Жалпы ислам декларациясындағы ережелер толық орындалуы үшін қандай механизм қолдану керектігі жайында болды.

Қырғызстандағы Соғыс және бейбітшілік Институтының (IWPR)

Өкілдігінің директоры Эрлан Абдылдаев мұндай дәрістердің адам құқығын түрлі аспектілерде тануға, білуге мүмкіндік береді деп санайды. Ал дәріскерге сұрақ қою мүмкіндігі диалогты аша түсіп қана қоймай, дәріскерге де тындаушылардың тақырып аясындағы пікірін білуге де мүмкіндік ашады.

Сонымен қатар, бұл дәрістің IWPR-дың Қырғызстанда Еуро Одақ қаржыландыратын «Орта Азиядағы адам құқығымен құқықорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында өткізіліп отырған үшінші ашық дәріс екенін де айта кету қажет.

Қадыр Маликов саяаттану және ислам зерттеулері бойынша (Мадрид университеті, арап, ислам және Орта Азия зерттеулері департаменті, Испания) доктор дәрежесіне ие және Иордан ұлттық университетнің Ислам құқығы факультетінде (Иордан Хошимит Патшалығы) оқып, магистр дәрежесін алып шықты. Complutense de Madrid (Испания) университетінің қауіпсіздік және халықаралық байланыстар Орталығының конфликтология бойынша арнайы курсынан өткен. Ислам мәселелері бойынша, көптеген ғылым және сараптамалық мақалалардың авторы.

## «АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АСПЕКТ» ДӘРІСІ



ИШЕНБАЙ АБДУРАЗАКОВ

*11 қараша күні, Бішкекте, Қырғыз-Ресей Славян Университетінде (ҚРСУ) «Адам құқығы: халықаралық аспект» тақырыбына ашық дәріс өтті. Дәрісті Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR) Еуро Одақ қаржыландыратын «Орта Азиядағы адам құқығымен құқықорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында ұйымдастырды.*

Дәріскер Ишенбай Абдуразаков халықаралық қатынастарды зерттеудегі жиналған студенттерге адам құқығы жүйесінің қалыптасуының тарихи мәні жайында әңгімелеп берді. Сонымен қатар ол бұл аяси және әлеуметтік дамудың «Батыстық» үлгісін Орта Азияда қаншалықты қолдану мүмкіндігі жайында айтты.

Тарихшы ретінде Ишенбай Абдуразаков бұл мәселелерді

жалпы адамзат қоғамының даму процесінде адамдардың алатын рөлін түсінбей тұрып талқылау мүмкін емес деп санайды. Бұл дәріскердің талқылау кезінде бірнеше айналып соққан басты идеясы. Тарихта әр адам есінен шығармауы тиіс көптеген мысалдар мен оқиғалар жетерлік. Әрине әр жағдай өзінше ерекше, бірақ бұл өткеннен сабақ алмау керек деген сөз емес. Доктор Абдуразаков Орта Азия аймағында құқықтық еркіндік пен демократияны дамытудың қажеттілігі жайында айтты. Ол бұл бағыттағы барлық бастамалар әр елдің әдени ерекшеліктерін, дәстүрін және тарихи контекстін еске

ре отырып жүргізу қажет. Оның ойынша, ұзақ уақыт ел дамуында жүрген тарихи процестерді ескермеу мүмкін емес, адам құқығы мен қысқа мерзімді демократияландырушы үшін ойланбай жасалған бағдармаларды қолдануға болмайды. Бұған демократиялық жүйесі кезең-кезең бойынша дамыған және ғасырларға созылған Батыс Еуропа елдерін алуға болады.

Доктор Абдуразаков демократиялық нормаларды дамыту мәселелері бойынша көмектесетін халықаралық ұйымдарды құшақ жайа қарсы алу жайында айтып кетті. Орта Азия аймағының тұрғындары ашық



сайлау мен тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына мұқташ. Мұнда ЕҚЫҰ секілді, немесе осы аймақта жұмыс істеп жатқан көптеген

басқа да халықарлық ұйымдар көмектесе алады.

Сөзінің соңында дәріскер Орта Азиядағы адам құқықтарына

байланысты талқылану үстіндегі мәселелерге жастарды да көптеп тарту қажет деді. Жастар да өз еліндегі құқықтық дамуға жауап береді.

## «ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚҰҚЫҚОРҒАУ БАСТАМАЛАРЫ МЕН ОНЛАЙН ЖУРНАЛИСТИКА» ДӘРІСІ

*2009 жылдың 17 желтоқсанында Ресей-Тәжік (славян) университетіне «Интернеттегі құқықорғау бастамалары мен онлайн журналистика» тақырыбына ашық дәріс өтті.*



Дәріскер «Интернет саясатындағы азаматтық бастама» Қоғамдық Қорының директоры Мухаммади Ибодуллоев болды.

Дәріс Соғыс және бейбітшілік Институтының (IWPR) Еуро Одақ қаржыландыратын «Орта Азиядағы адам құқығы және құқықорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында өткізілді. Шараны IWPR Ресей-Тәжік (славян) Университетімен біріге отырып ұйымдастырды.

Дәрістің негізгі мақсаты – жұртты адам құқығы және оны қорғауды Интернет, онлайн журналистика арқылы қорғау жайлы ақпаратпен қамтамасыздандыру болды.

Мухаммади Ибодуллоевтің пікірінше, Тәжікстанда бүгінгі күні демократия үшін ашық әрі қол жетімді алаңға айналып отырған Интернетті пайдалану арқылы құқықорғау бастамаларын жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер бар.

«Күннен-күнге адам құқығы бойынша ұйымдардың жеке веб-сайттары көбейе түсуде. Ол жерде есеп, сараптамалық, білімдік және басқа да ақпараттар бар. Тәжікстанда бұл бағыт бойынша өз жұмыстарын белсенді түрде адам

құқықтары бойынша бюро, НАНСМИТ, «ХОМА ҚҚ», Интерьюс Нетворк секілді ұйымдар, сонымен қатар жеке блоггерлер жүргізуде», – Ибодуллоев.

Сонымен қатар, дәріскердің сөзіне қарағанда Тәжікстанда интернеттің мүмкіндіктерін құқықорғаушыларға кеңінен пайдалануға мүмкіндік шектелген және оған үлкен себептер бар.

«Елдің 15% - ы интернетке кіре алады, оқырмандар аудиториясы шағын. Оның өзінде ғалмдық торды пайдаланушылар негізінен жастар, ал оларды көңіл көтеретін сайттар мен әлеуметтік желілер қызықтырады», – деді Ибодуллоев.

Қоғамдық дәрістің соңында дәріскер студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Дәріскер жайында: Мухаммади Ибодуллоев Интернет саясаты Азаматтық Бастамасы Қоғамдық Қорының директоры. Ұйымның негізгі мақсаты – ашық, қолжетімді, бір орталық танбаған, нарықта пайдаланушымен реттеп, бақыланатын интернеттің дамуына үлес қосатын нормативті – құқықтық актілер мен реттеу тұжырымдарының қабылданыуна өз әсерін тигізу.

22 желтоқсанда, Тәжікстанда Хатон облысының Куляб қаласында «Бала еңбегі мен құқығы тақырыбына» ашық қоғамдық дәріс өтті.



Дәріс Соғыс және бейбітшілік Институтының (IWPR) Еуро Одақ қаржыландыратын «Орта Азиядағы адам құқығы мен құқырғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында өткізілді.

Дәріскер Куляб мемлекеттік университетінің саясаттану және философия ұстазы, «Шахрванд» азаматтық қоғамды қолдау Қорының директоры Додарбек Сайдалиев болды.

Додарбек Сайдалиев білім берудің ең үздік әдісі – студенттердің өздерін интерактивті түрде процеске араластыру деп санайды, сондықтан дәріс тыңдаушылардың бәрі қатысқан сұрақ – жауап түрінде өтті.

Ұстаз бен студенттер бала құқығы бойынша жалпы түсі-

ніктермен алмасты, сонымен қатар олардың Тәжікстандағы жағдайын әңгімеледі.

Дәрістің негізгі тақырыбы – мақта жинау кезіндегі оқушылар мен студенттердің құқығының бұзылуы болды, осы тақырыпта «Шахрванд» Орталығы зертте жүргізген еді.

Жүргізілген зерттеуге сәйкес, бірнеше кулябтық оқу орындарының студенттері сұралған, олардың көбі мақта жинауға қатысқан. Сұралғандар, сонымен қатар, егер мақта жинауға қатысудан бас тартқан жағдайда ЖОО басшылығы тарапынан түрлі шараларға (оның ішінде оқудан шығарылу да бар) тап болғанын айтады.

Сайдалиевтің сөзіне қарағанда зерттеу студенттер өз құқығы үшін білім Министрлігінен арнайы нұсқау болғанда (әрі

өздерінің жеке құқықтық білімін де жетілдіре түсіп) ғана күреседі.

«Менің ойымша, адам және бала құқығы бойынша құқықтық білімді нақты мысалдардың негізінде құруға болады, ол - әр студенттің өмірі», - деді дәріскер ашық сабағының соңында.

Дәріскер жайында: Додарбек Сайдалиев Куляб мемлекеттік университетінің оқытушысы, 14 жылдың тәжірибесі бар. 2002 жылдан бері оқытушылық қызметін «Шахрванд» қоғамдық ұйым жұмысымен ұштастырып жүр. Ұйым мақсаты азаматтық қоғамды, бейсаяси, бейдіни қоғамдық ұйымдар, қауымдастықтар, бастамашыл топтар және жеке азаматтарды қолдау арқылы мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар, бизнес және БАҚ-ның ара қатынасын қалыптастыру.



22 қазан күні Хорогта, ТБАО, «Орта Азияда адам құқығы мен құқыққорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында «ТБАО-дағы суицид: себептер мен шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жобаны Соғыс және бейбітшілік институты (IWPR) жүзеге асырып, Еуро Одақ қаржылай көмек көрсетеді.

Дөңгелек үстел жұмысында ТБАО-ның атқарушы билік органдарының, жастар ісі, туризм және спорт, әйел және отбасы, ішкі істер бойынша облыстық басқару комитеттерінің үкіметтік емес ұйымдардың, діни бағыттың, БАҚ-ның, жергілікті джаомат өкілдері қатысты.

Кездесу қатысушылары суицид мәселесін талқылады. Өз-өзіне қол жұмсау мәселесі ТБАО тұрғындарын соңғы кезде алаңдатып жүрген жайт. Осы шара кезінде соңғы 9 ай көлемінде ғана өзі-өзіне

қол жұмсаудың 28 оқиғасы болғанын, ал 2008 жылы 12 суицидтің тіркелгені айтылды. Облыс ІІБ-ның бастығының орынбасары Назар-

бек Худоеров соңғы суицид оқиғасының 21 қазанда болғанын хабарлады. Хорогта Хорог мемлекетті университетінің студенті өз-өзіне қол жұмсаған. «Бұл оқиға іс-әрекетке көшу керектігін тағы дәлелдеп тұр», - деді Худоеров.

Кездесу қатысушылары Таулы Бадхшанда өз-өзіне қол жұмсау оқиғасы ерлердің арасында көп кездесетінін айтты. Жалпы оқиғалардан 20-сы ерлерге келсе, 8-і әйелдердің жағдайында болған.

Отырыста 3 негізгі себеп көрсетілген: экономикалық мәселелер, отбасының және психологиялық проблемалар. Аймақтағы суицид оқиғасының күрт өсуіне байланысты, кездесу қатысушылары. Үкіметті, жастар, үкіметтік емес ұйымдардың өілдерінен құралған жұмыс тобын құру керек деп шешті.

Ол суицид мәселесә зерттеп, жұртен өз-өзіне қол жұмау жағдайына байанысты жұмыстар жүргізеді ақпарат таратады.

Дөңгелек үстел қатысушылары ТБАО-ның төрағасы Кодир Косимнің атына аталған бастама жайында жазбаша түрде мәлімдеме жасауға ниет танытты.



**Музафар Зарипов:** Тәжікстандағы еңбек мигранттарының құқығын қамтамасыз ету үшін Филиппин тәжірибесін зерттеп, жаңа еңбек нарықтарын іздеу қажет.

Қазан айында, Ресей Президенті Дмитрий Медведев Мәскеуге Тәжікстан басшысы Эмамали Рахмонов келгенде, Ресей жаңа миграциялық ережелер қабылдайтынын айтты. Олар Тәжікстаннан РФ-на келетін мигранттардың орналасу жағдайын жақсарттады.

«Бұл жаңа ережелер осы саладағы жағдайды жақсартуға арналады және өз еңбегін Ресей Федерациясында қолданғысы келген тәжік азаматтарын тартуда бұрынғыдан түсініктірек, айқынырақ, тиімдірек болады», - деп мәлімдеді баспасөз коференциясында Медведев.

Өзерге ресейліктер ешқандай нақты әрекетке барған жоқ.

Миграциялық процестерді басқаруды жақсарту саласында Тәжікстанға не қажет екенін IWPR-ға берген сұхбатында Тәжікстанның миграция бойынша Халықаралық Ұйымының еңбек миграциясы бойынша Ақпараттық ресурстың орталығының директоры, «Еңбек миграциясы бойынша Орталық» қоғамдық ұйымының төрағасы Мұзафар Зарипов әңгімелеп берді.

**IWPR:** Ресейдегі еңбек мигранттары кездесетін мәселелер бір сарынды: адам жұмыс ұсынған жарнаманы көреді, жұмысқа орналастырушы аген-ттікпен келісім-шартқа отырып, сыртқа кетеді. Ол жерде оның құжаттарын тартып алады, ең қолайсыз жағдайларда өмір сүреді, ал ең бастысы жұмысына ақша ала алмайды.

Мұндай жағдайда халықаралық құқықтық ұйымдар, Қазақстандағы миграция бойынша Халықаралық Ұйым (МХҰ) қандай көмек бере алады?

**Музафар Зарипов:** Адам құқығы, әсіресе еңбек құқығы, елдер өздерінің миграциялық заңнамаларын жұмсартып, еңбек нарығын либералдандыра түссе де, өте өткір түрде тұр.

Әлі күнге өз пайдасы үшін шет елдің еңбек мигранттарын қабылдау мен жұмысқа тұру заңдарын пайдаланатын дадалдар мен жұмыс берушілер бар.

Мұндай жағдайда, бәрі еңбек мигрантына, оның қарсылығына байланысты. Ең жақсысы адамның мұндай жағдайға түспеуі.

Өкінішке орай, бұған ұқсас жағдайлар тек Ресей мен Қазақстанға ғана тән емес, ол соңғы жылдары екпіндеп дамып келе жатқан, ал миграциялық заңдары жетілдірілмеген елдерде де бар.

Халықаралық ұйымдар, оның ішіне МХҰ, соңғы 7 жылдың

ішінде Тәжікстандағы осы мәселемен айналысуда.

Мигранттарды құқықтық мәселелер бойынша ақпаратпен қамтамасыз ететін, кеңес беретін инфрақұрылым құрылды.

Мұның бәрі еңбек мигранттарының жұмысы мен орналасуын оңтайландыру және қамтамасыздандыру үшін жасалынып отыр.

Ал олар бұл мәселеге әр түрлі қарайды: бірі назар аудармайды, бірі қажет қылмайды, енді бірі білмейді. Нәтижесі: еріксіз жұмысқа салынады, трафик, құлдық және басқалар. Тәжік еңбек мигранттарын қабылдайтын елдерде бірқатар құқықорғау ұйымдар жұмыс істейді, олардың құқығын қорғау мақсатында консулдықтар, Тәжікстанның ІІМ-нің өкілдігі ызмет атқарады.

Еңбек мигранттарына осы ұйымдар мен олармен байланысу жолдарын білу қажет. Тағы бір маңызды дүние: біздің отандастарға шет елде жұмысқа орналастыруда шет елге шығу мәдениетін үйрету қажет.

**IWPR:** Мәскеуде еңбек миграциясы саласына қызмет көрсету Орталығы құрылды. Орталық келгендерге ыңғайлы қызмет көрсетіп қана қоймай, «қызмет супермаркеті» болып та табылады. Олар мемлекеттік қызмет көрсету істеріне араласады (рұқсат қағаздарын қабылдау мен беру) және қосымша қызмет көрсетеді: кеңес береді, нотариат, аударма жұмыстарын жасайды.

Бізде Тәжікстанда Ресейге немесе өзге мемлекетке кетіп бара жатқан еңбек мигранты дайын құжаттарға ие болуы



үшін осындай орын ашуға болады. Сіз бұл туралы не ойлайсыз?

**Зарипов:** Тек Мәскеуде ғана емес, сонымен қатар жалпы Ресейде осындай орталықтар ашылды. Бұл жайт қуантады, себебі келімді мигранттың заңдық мәртебесі мен жұмыс іздеу және орналасуға байланысты сұрақтар шешімін табады.

Әрине, олардың жұмысында да көптеген кемшін тұстар бар, мысалы, ұсынылып отырған жұмыс вакансиясы шет елдік жұмысшыны қызмет ақысына байланысты қызықтырма жатады, бірақ, мұның бәрі тек қызметтің басталуы ғана. Менің ойымша, біраз уақыт өткен соң, осындай орталықтар мен шет елдік жұмысшылардың ара қатынасы бір қалыпқа түседі.

Әзірге, орталықтардың өздерінің жағдайы мен табысына көңілдері толмайды. Мысалы, Самара аймақаралық орталығының иелігінде үлкен ғимарат бар, жоғарыда аталған қызметтердің барлық түрлерін ұсынады, бірақ әлгіндей себептердің кесірінен, толық жұмысқа кірісе алмай отыр.

Тәжікстанда осындай орталықтарды құру туралы талқы қазір жүріп жатыр. Оларды ашу үшін, қаражат, арнайы дайындалған адамдар, осы қызметті бақылайтын нормативті-құқықтық актілер қажет.

Бұл мәселе миграция ісі бойынша министрлік құқру мәселесімен үндес. Бірақ, мұндай орталықтардың сипаты мен формасы жұмыс іздеуші елден кетер алдында ғана белгілі бір қызметтер көрсете алатын кәсіпорынға ұқсайды. Мұндай орталықтарда қысқамерзімді тілдік және құқықтық курстар мен басқа да қызмет көрсету түрлері болуы тиіс.

**IWPR:** МХҰ-ның баяндамаларының бірінде Тәжікстанның «авралды» түрде миграция туралы заңды өңдеп, қабылдағанын және осы заңның не-

гізінде бұл мәселені шешуді мемлекеттік бақылауға алғанын айтады. Бүгінгі күні «Миграция туралы» заңға өзгертулер енгізуде қажеттілік бар ма?

**Зарипов:** «Миграция туралы» заңға сыртқы еңбек миграциясын бақылау мәселелері бойынша өзгерістер енгізуде қажеттілік бар дегенге мен келісемін.

2009 жылдың 19 қарашасында ТР Үкіметі жанындағы миграциялық процестерді бақылайтын Ведомствоаралық комиссияның отырысында МХҰ Тәжікстан Республикасының миграциялық заңнамасына жүргізілген талдауды ұсынды.

Жақын арада, заңнама бойынша жұмыс тобы, осы заңға өзгерістер мен толықтырудар енгізуге байланысты мәселені зерттеуге кіріседі.

Менің ойымша, қазіргі Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа заң және оның актілерін қабылдау уақыттың еншісіндегі дүние.

Заң Филиппиннің “Еңбек мигранттары туралы» Заңы секілді екі жақтың жауапкершілігін ұсақ-түйегіне дейін жазу керек. Осылайша, мемлекеттік органдарға жасалатын қысым азайып, жағдайға қатысы бар әркім жұмыс жайлы мәліметті кімнен алу керек екенін біліп отырады.

Еңбек миграциясы мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі болып табылатындықтан бұл салаға баса назар аудару қажет.

**IWPR:** Тәжікстан сыртқы еңбек миграциясын бақылауға дайын ба?

**Зарипов:** Сұрақ өз уақытында қойылып отыр. Шет елдегі миграциялық процестерді бақылауды бастау ешқашан кеш емес.

Ең бастысы елдің осыны қалайтыны. Ал, онсыз да бар дүние

ойлап табуға тырысу қажет пе, бұл басқа әңгіме.

Кейбір спецификалық ерекшеліктері бар елдерді есепке алмасақ әлемдік тәжірибе негізгі сұрақтар бойынша барлық жерде бірдей. Бұлар: әлеуметтік және құқықтық қорғаумен қамтамасыз ету, сыртқы еңбек миграциясын арналған нормативті-құқықтық база, кәсіби сертификациялау, өз елінде және жұмысқа барар елде сақтандыру және медициналық көмекпен қамтамасыздандыру.

Мен кейбір басшылар мен осы салада жұмыс істейтін не істемейтін, Тәжікстанның өз жолы бар деп жүрген жандарды түсінбеймін.

Олардың патриотығына шүбә жоқ, бірақ сыртқы еңбек миграциясын басқарудың тиімді жүйесін құруды ондаған жылдарға созуға Тәжікстанның уақыты да, қаражаты да жоқ.

Тәжікстан дәстүрлі еңбек нарықтарында өз орнын жоғалта бастады, бұл тек дағдарыс пен ұсынылған еңбекке төленген ақының төмендеумен ғана емес, аталған нарықтарды арзан жұмыс күші жаулап алуына да байланысты.

Бұған мысал ретінде осы мәселемен назар аударатын отырып айналысып жүрген және бірқатар жетістіктерге жеткен аймақтағы көрші елдерді айта аламын.

**IWPR:** 90-ыншы жылдардың соңында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің жанында Мемлекеттік миграциялық қызмет құрылған еді. 2006 жылы сыртқы миграцияны қадағалау ИМ-нің қол астына берілді. Бүгін да СИМ-нің жанында Ресейге кететін мигранттардың тобын бақылайтын қызмет құрылды. Бұл іспен нақты кім айналысады? Мүмкін миграция істері жөніндегі министрлік құрудың уақыты келген шығар?

**Зарипов:** Сыртқы еңбек миграциясы саласындағы миграция саясатын табысты түрде жүзеге асыру үшін әр ел құрымдық басқаруда да түрлі іс-әрекеттер атқарады.

Бүгінгі күні бар құрылымдардың бәрінің де менің ойымша, жақсы және жаман тұстары бар, алайда олардың ешқайсысы миграция саясаты Концепциясын сыртқы еңбек миграциясы бөлімі бойынша жүзеге асыруға толық мүмкіндік бере алмайды. Оның бірқатар себептері бар.

Біріншіден, қанша жерден талап болса да, жақсы ойластырылған бағдарлама жоқ. Екіншіден, кадр потенциалы әлсіз. Үшіншіден, еңбек миграциясы бойынша салмақты, ғылыми негізделген ұлттық стратегия жоқ. Төртіншіден,

шенеуліктер өз бастамаларын білдірмей, сырттай бақылағанды қалайды.

Және соңғысы: Тәжікстандағы жыл сайынғы миграциялық жағдайға жүргізілетін талдау. Мен тек қабылдаушы елдің еңбек нарығын маркетингтік тұрғыдан зерттеуді ғана емес, жаңа еңбек нарығын іздеуді де айтып отырмын.

Миграция ісі бойынша министрлік құру, менің ойымша, зерттеуге тұрарлық дүние. Алайда, жүйенің өзі сыртқы еңбек миграциясын басқару жүйесін тағы да бір рет бюрократизациялау тәжірибесінен өткізуге шыдас бере қоймас.

Аталған сала мамандарына ашық диалог қажет. Мен ТР Үкіметінің жанынан бөлек

құрылымның құрылуын жоққа шығармаймын. Бірақ бұл құрылым мемлекеттік қолдаудан бөлек, көрсетілетін қызмет түрлерінің есебінен қосымша қаржыландырудың балама көздеріне ие болуы керек.

Мен, мысалы, қарапайым жұртқа есігі ашық, мәселені тез бере алатын бір-де-бір министрлік кінәгер емеспін. Бірақ, бізде үлгі тұтар мысал бар, ол Филиппиннің шетелде жұмысқа тұрғызу бойынша әкімшілігі, ол жерде мемлекеттік жүйемен еңбек мигранттарына көрсетілетін жеке қызметтің ара қатынасы ашып көрсетілген.

Барлық қажетті ақпарат пен құжаттар, сонымен қатар кеңес беру бір жерге жинақталған. Бізге, міне, осыған ұмтылу қажет.



**Ирина Кузнецова, Бишкек**

2010 жылдың қаңтарында Қырғызстанның азаптауға қарсы Ұлттық превентивті механизмді қабылдаудың мерзімі бітеді. Заң жобасын ойластырудағы кезіккен қиындықтар жайлы.

Жұмыс тобының мүшесі, «Тәуелсіз құқыққорғау тобы» Қоғамдық Қорының құқық мәселелері бойынша сарапшысы Улугбек Азимов әңгімелейді.

**IWPR:** *Ұлттық превентивті механизм дегеннің не екенін біздің оқырмандарымызға түсіндіре кетсеңіз?*

**Улугбек Азимов:** Ұлттық превентивті механизм (ҰПМ) – қа-

**Улугбек Азимов: Оңтайлы шешімге деген үміт әліде болса бар**  
*Құқықтық мәселелер бойынша сарапшы Улугбек Азимов Қырғызстандағы азаптауға қарсы Ұлттық превентивті механизм жайлы әңгімелейді.*

мауға алынған жерді азаптау мен қатандық болмау үшін ашықтық және айқындық арқылы қорғауда шақыратын институт. Ол Қырғызстанда халықаралық келісімдердің (оның ішінде азаптауға қарсы БҰҰ-ның азаматтық және саяси құқықтары мен Конвенциясы жайлы Халықаралық пакт те бар) аясында қабылдануы тиіс.

2003 жылы Қылмыстық Кодекске «Азаптау» 305-1 бабы енгізілді. Бірақ, өткен алты жылдың ішінде осы бап бойынша бар болғаны бір ғана іс қозғалды, онда да ол сот шешіміне ие болған жоқ. Барлық әлемдегі, заңға енгізілген өзгерістер күтілген нәтиже бермеді. Ал құқыққорғау ұйымдары болса күннен-күнге азаптау мен қинау фактілерін айқындап, жариялауда.

Осындай жағдайда, азаптаудың алдын-алудың тиімді жолы қажет болды, бұл ҰПМ еді. Оны азаптауға қарсы Конвенцияның

Факультативті хаттамасында бекітті. Конвенцияға Қырғызстан 2008 жылдың ақпанында қосылған еді.

ҰПМ-нің негізгі идеясы – қамауға алынатын жерлерді тұрақты түрде ашықтық пен айқындықта ұстап отыру. Бұл осы жерлерді ҰПМ-нің мүшелерінің тұрақты түрде барып, көріп туруы арқылы жүзеге асады.

**IWPR:** *Қырғызстанда ол қандай формада болады? Оның құрамына кімдер кіреді?*

**Азимов:** Факультативті хаттама әр мемлекетке ҰПМ-ін қандай моделде құратын өз еркіне қалдырады. Ең бастыы ол оның мандатына, құрамына, тәуелсіздігіне, кепілдігі мен превентивті кездесулер барысындағы құзырына қойылатын қатаң талаптарға жауап бере алса болғаны.

ҰПМ-нің мүшелерінің қамауға алынатын жерге кез келген уақытта кіре алу құқығы бо-



луы қажет және бұл институтты мемлекеттік бюджет қаржыландыруы қажет.

Мониторинг барысында алынған мәліметтер ҰПМ мемлекеттік органдармен тұрақты байланыс ұстай отырып, қамауға алынатын жерлерге ескертулер мен жағдайды жақсартуға арналған ұсыныстар әзірлейді.

Омбудсменнің басшылығымен Жұмыс тобы Еуропа елдерінде кең таралған «Омбудсмен-плюс» моделіне ұқсас модель жасайды. Жұмыс тобының құрамына қызығушылық танытқан министрліктер мен ведомстволар өкілдері кіреді. Осы модель бойынша құрамына байқау негізінде іріктеліп алынған бес қоғамдық ұйымның өкілі, үш парламент депутаты және қызметі бойынша омбудсмен кіретін Координациялық кеңес құрылады.

Координациялық кеңес тұрақты превентивті кездесулердің жүйесін ұйымдастырады және үйілестіреді, құзырлы органдарға олардың шешімі бойынша ұсыныстар әзірлейді және олармен бірге жұмыстар атқарады. Кездесулерді мониторинг және бағалау Орталығының 19 сарапшысы жүзеге асырады.

Сарапшылар қамауға алынатын орындарға барынша жақынырақ, аймақтарға жіберіледі. Республикада ондай орындардың көптігіне байланысты біз Орталыққа жергілікті белсенділерді тәуелсіз сарапшылар ретінде тарту құқығын беруді ұсынамыз.

***IWPR:** Бізге белгілі болғандай, тексеруге жататын орындардың тізімі үлкен дау тудырып отыр.*

**Азимов:** Бұл мәселе бойынша заң жобасын жасап жатқандар

баяғыда мәселенің басын ашып алған. Бұл жерде Факультативті хаттаманың ұстанымдарын басшылыққа алу керек, ол бойынша қамауға алынған жер ретінде мемлекеттік органның шешімі, нұсқауы немесе үнсіз келісімінің нәтижесінде азамат тұтқында отырған жер түсіндіріледі.

Еркінен айырылу түсінігі Хаттамада кез келген жерде, кез келген түрде өз еркімен осы жерді тастап шыға алмайтын орын деп түсіндіріледі. Мұндай орындарға түрме, колония, изолятор, балалар үйі, қарттар үйі, психиатриялық стационарлар, әскери бөлімшілер, тіпті, тұтқындарды таситын автотранспорттар да жатады.

Бірақ бұл халықаралық келісімнің түсініктері біздің заңнамадағы «тұтқында ұсталатын жер» немесе «бас бостандығынан айыру» түсініктеріне сай емес және барлығы бірдей дұрыс қабылдамайды.

Бір жағынан, ұлттық заңнамадағы жалпы қабылданған түсініктер мен анықтамаларды ескеру, екінші жағынан Хаттаманың талаптарын сақтау қажет. Бұл үшін заң жобасында екі түсінік пайдаланылған: бас бостандығынан айыру орны және бостандықты шектейтін орын.

Бірінші түсінік астарында әкімшілік ұсталу немесе тұтқынға алынған, қылмыс жасады деп айыпталған немесе күдік тағылған, сол шешімі бойынша жазасын түрмеде (колонияда, СИЗО-да, уақытша қамау изоляторында және т.б.) өтеп жатқан азамат орналасқан немесе орналасуы мүмкін жер айтылады.

Бостандықта шектейтін орын – азаматтың мемлекеттік органның, қызмет бабындағы

жанның шешімі немесе нұсқауы, немесе үнсіз келісімі бойынша орналасқан немесе орналасуы мүмкін, өз еркімен тастап шыға алмайтын орнын айтады. Мұндай жерлерге әскери бөлімшелер, әскери лицейлер, интернаттар, балалар үйі жатады.

Мұндай түсініктерді қолдану көп мәселенің басын ашып берді. Ең бастысы, бұл түсініктер Факультативті хаттамада көрсетілген барлық жерлерді қамтиды.

***IWPR:** Тағы қандай қиындықтарға кез болдыыздар?*

**Азимов:** Белсенділердің, халықаралық ұйымдардың және омбудсмен аппаратының жүргізген кең ақпараттық компаниясына қарамастан, өкінішке орай жекелеген шенеуніктер Факультативті хаттаманың негізгі концепцияларын дұрыс түсінбей жатады.

Мысалы ҰПМ мүшелері бас бостанудан айыратын немесе шектейтін жерлерді кез келген уақытта, ескертусіз барып көру ұұұығына ие болу керек. Заң ҰПМ мүшелерін жеке тұтқынға алу, жүкті, құжат, корреспонденцияны тексеру немесе тәркілеуге қарсы иммунитет және басымдықпен қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен қатар, бұл мүшелердің ҰПМ шеңберіндегі қызметіне қатысты толық сот-процессуалдық иммунитеті болуы керек. Бұл – ҰПМ-ның өзегі. Алайда осы жағдаймен кейбір шенеуніктер және құқыққорғау органдарының өкілдері келіспейді.

Жұмыс тобының мүшелерінің арасында да Факультативті хаттаманың негізгі концепцияларына байланысты ортақ пікір жоқ. Мүшелердің басым бөлігі



превентивті кездесуге кез келген күні және тәуліктің кез келген уақытында баруға баса назар аудармауды жөн көріп, «алдын-ала ескерту немесе ескертусіз» баруды жеткілікті деп санайды.

**IWPR:** Бұлардың арасында қандай айырмашылықтар бар?

**Азимов:** Факультативті хаттамаға сәйкес ҰПМ-ның мүшелері жабық орынға күн мен түннің кез келген уақытында бара алады. «Алдын-ала ескерту немесе ескертусіз бару» түсінігі бойынша белгілі бір қиындықтар қалыптасуы мүмкін, мысалы егер қандай да бір жерге азаптау белгісі бойынша түнде бару керек болса.

Заңда «күн мен түннің кез келген уақытында» түсінігінің болмауы, бас бостандығынан айыратын немесе шектейтін жерлердің әкімшілігіне ведомстволық актілер мен осы жерлерге бару нормаларын өз ыңғайларына қарай анықтауына мүмкіндік береді. Мысалы, СИЗО-ның ішкі ережелері айыпталушылар мен сотталғандарды кездесуге шығаруға және түнде, 18.00 мен 8.00-дің арасында шығаруға тыйым салады.

**IWPR:** Егер заңды айналып өтуге мүмкіндік болса, онда ол не керек

**Азимов:** Сіз ең маңызды сұрақты қойдыңыз. Бұл сұрақты Қырғызстандағы ҰПМ-ның жұмыс істеуіне қызығушылық танытқан ҮЕҰ мен халықаралық ұйымдар қояды.

Біз талаптарға жауап бермейтін ҰПМ-ді қабылдауды және сәйкесінше азаптаудың алдын алмауды қажет деп санаймыз.

Сондықтан біздің міндет – ҰПМ стандарттарын сақтаудың қа-

жеттілігі және заң жүзінде оларды бекіту жөнінде көндіру. Бұл 2009 жылдың қарашасында біз өткізген Қырғызстандағы ҰПМ-ді қабылдау мәселесіне байланысты Қоғамдық қорғаудың басты мақсаттарының бірі болды.

**IWPR:** Бұл тыңдаулар жағдайды өзгертуге көмектесті ме?

**Азимов:** Олардың нәтижелері мені қуантты әрі үміттендірді. Парламент депутаттары Лейла Сыдыкова мен Галина Куликованың, Швейцариямен Англияның халықаралық сарапшыларының, құқыққорғау ұйымдарының белсенділерінің көмегімен арасында Жұмыс тобының мүшелері де бар қарсыластарымыздың ойын, пікірін өзгерте алдық. Тыңдауға қатысушылар заң жобасын аяқтап, Факультативті хаттаманың барлық талаптарына сәйкестендіруді ұсынды. Заң жобасын жетілдірген соң біз оны қоғам мен халықаралық сарапшылардың назарына ұсынамыз. Тек содан кейін барып қана парламентте қарастыруды бастаймыз.

**IWPR:** ҰПМ туралы заңды мүлде қаламайтын күштер бар ма?

**Азимов:** Бас бостандығынан айыратын немесе оны шектейтін мекелерге кез келген уақытта бару мүмкіндігі осы орындардың кейбір басшыларын әбігерге салып жатыр. Себебі, адам құқығын шекету, азаптау жағдайлары көпке белгілі болып кетуі мүмкін. Бұған берілетін объективті баға олардың қызметіне әсер етуі мүмкін, бұл әйне, олардың көңілдерінің тұмауына әкеліп соғуда.

Ал, бірақ, жалпы ҰПМ идеясына толық қарсылық жоқ.

Қарсылық ҰПМ мүмкіндіктерін барынша жоғалтуға келіп тұр.

**IWPR:** Ал жалпы мемлекеттің азаптау мәселесіне деген көзқарасы қандай?

**Азимов:** Менің ойымша, Қырғызстанда азаптаудың қолданылатыны ешкімге де жасырын емес. Құқыққорғаушылар мұндай оқиғалардың ондаған түрін кездестіріп жатады. Шенеуніктер айтатын, «азаптау бойынша бірде-бір қылмыстық іс болған жоқ, сәйкесінше, қылмыс та болмаған» деген сөзі сенімсіз естіледі.

Азаптау мен зорлық-зомбылық көрсету фактілері бойынша іс Қылмыстық кодекстің «айналма» баптары арқылы қозғалады. Оларды қызмет жауапкершілігін асыра қолданды деген айып қана көр-сетілген.

Бірақ, дәл осындай модель Молдовада іске аспай қалды: мемлекет өз міндеттерін орындамайды және бюджеттен қажетті соманы аудармайды. Міне, сондықтан да, Молдова мен Әзербайжан азаптаудың алдын-алу бойынша Комитеттің соңғы отырысында сынға ілінді.

Мұның бәрі, басқа жақтың моделін қайталау міндетті емес дегенді білдіреді. Біздің ҰПМ еліміздің ерекшеліктерін ескере отырып жасалынуы тиіс. Ол үшін оншалықты көп шығын шықпауы керек, себебі бәрі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Ең бастысы – механизмді тиімді жұмыс органы, ал оны қабылдау азаптауға қарсы алғашқы қадам болуы керек.







**Александр Кельчевский: адам құқығы саласында физика заңдылықтарына орын жоқ**  
Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының басшысы Александр Кельчевский Қазақстанның келер жылғы төрағалығы жайында әңгімелейді.

### Диана Окремова, Астана

Бірінші қаңтарда Қазақстан ЕҚЫҰ-ның төрағасы деген ие болады. Бұл оқиғаның атағының айқындығына қарамастан, Қазақстандағы адам құқығына байланысты шынайы жағдай төңірегінде айтыс әлі де жалғасып келеді.

Төрағалықтың мәселелері, үміт етері мен шикі тұстары жайында Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының басшысы Александр Кельчевский әңгімелеп берді.

**IWPR:** Заң саласындағы кейбір іс әрекеттерге (Интернетті қадағалау туралы заң, жеке өмір құпиясы туралы заң және т. б.), іс барысында заң бұзушылықтар болған бірнеше сот ісіне (Евгений Жовтистің ісі, Рамазан Есергеповтың ісі, Мұхтар Жәкішевтің ісі, т. б.) қарағанда Қазақстанның Мадрид міндеттемелерін орындай алатынына күмән туады.

**Александр Кельчевский:** Бұл жерде жағдай сәл басқашалау. Мадридте ЕҚЫҰ-ның басқа мүше-мемлекеттеріне сіздердің ел болашақта өз бағытын реформалау, демократияландыруда ұстанамыз деген ниетін жеткізді. Жекелеп алғанда сол кездегі сыртқы істер Министрі Марат Тәжин мырза ҚР Үкіметінің алға жылжитын төрт саласын атап көрсетті, олар: сайлау туралы заң, саяси партияларды тіркеу туралы заң, БАҚ туралы заң және жеркілікті өзін-өзі басқару органдарын реформалау.

Үкімет өткен жылы-ақ осы мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеп Парламенттің қарауына жіберген болатын. Парламент оларды мақұлдады. Өзгертулер осы жылдың ба-

сында, яғни Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуіне шамамен бір жыл қалғанда күшіне енді. Бұл елдің саяси дамуында белгілі бір қадамдарға барғандағын көрсетеді және бұл даму тұрақты әрі нәтижелі түрде жалғасын табады деп үміттенемін.

**IWPR:** Сіздің ойыңызша, Қазақстан ЕҚЫҰ-на мүше ел, ал бірнеше күннен кейін төраға ретінде осы ұйымның талаптарына лайық па?

**Кельчевский:** Қазақстан – ЕҚЫҰ-на толыққанды, басқа елдермен терезесі тең мүше. ЕҚЫҰ-на еуро-атлантикалық кеңістікте жатқан, бір ауыз сөзбен айтқанда «Ванкуверден Владивостокқа дейінгі» елдер кіреді. Бұл ұйымның басты қызметі – мүше-мемлекеттердің жалпы қабылданған ұстанымдар мен міндеттелерді дамытуы мен жүзеге асыруының деңгейіне қарамастан олардың арасындағы саяси диалог алаңына айналу, бұл бүкіл ЕҚЫҰ кеңістігінде өзара түсінушілік пен үлкен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатына бағытталады.

**IWPR:** Сіздің ойыңызша Қазақстанға адам құқығын қадағалау бойынша өз міндеттерін орындамауға не бөгет? Мәселенің тамыры неде?

**Кельчевский:** Сіз айтып отырған процестер – күрделі. «Механикалық» тұрғыдан бұл мәселеге қарауға болмайды. Бұл жерде физика заңдылықтарына орын жоқ. Бұл процестер ұзаққа созылады және оған тек үкімет қана емес, қоғам да жауапты.

Мысалға сот жүйесін алыңыз. Осы сот жүйесінің репрессиялық сипатқа ие, пост-тоталитарлық менталитеттен адамгершілік

сипаттағы менталитетке өтуіне қанша уақыт қажет, кім айта алады? Бұл мемлекеттік саяси ерік-жігер мен қоғамның жалпы бетбұрысына байланысты. Сондықтан бұл жерде БАҚ-ның рөлі өте маңызды, сонымен қатар мектептер мен ЖОО-да жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың да маңызы зор.

**IWPR:** Сарапшылардың айтуынша, біздегі түйткілді мәселелердің себебі – құқықтық нигилизмнен, құқықты пайдаланудағы тәжірибенің аздығынан. Қазіргі жағдайда мұнымен қалай күресуге болады? Адамдардың заңға сеніп, өз құқықтарын қорғауға көшуі үшін не істеу керек?

**Кельчевский:** Менен керемет күтпеңіздер. Әлеуметтанушылар жақсы біледі, сіз айтып отырған процестер ұзаққа созылады. Және толық сенімге ие болған жағдай әлемде мүлде болған емес.

Бәрі бірден бола қоймайды, бірте-бірте жүреді, ал сіздердің ел демократиялық, транспарентті және әділетті қоғамға енді-енді бет бұрып келе жатыр. Сонымен қатар, көрші елдердегі, аймақтағы, посткеңестік кеңістіктегі жағдайды да ескеру қажет.

Тағы бір айта кетер дүние, ол – көптеген мәселелердің өзара байланысы және біреуінсіз бірінің шешілмеуі. Осы жағынан алып қарағанда белгілі бір қадамдардың болуы билік жүйесінің ауысуы жүйесі орын алған кезде болады, мысалы көршілес Ресейдегі секілді, және ол бір емес бірнеше рет болуы тиіс..

**IWPR:** Сіздің ойыңызша Қазақстанда адам құқығының ішінде ең көп бұзылатыны қайсысы?

**Кельчевский:** Бұл жерде қандай да бір статистика келтіру қиын. Мәселе бір қарағаннан күрделі және негізінен оған жүйелік сипаттама тән. Бір айта кетерлігі, бұл кез келген елде бар. Сондықтан да біздің Орталық мемлекеттік құрылымдардың ҮЕҰ-мен, азаматтық қоғаммен бірлесіп жұмыс жасап жатқан ықылас-бастамаларына қолдау көрсетеді.

**IWPR:** Шамамен бір жыл бұрын Сіз Қазақстанда азаматтық қоғам енді-енді қалыптасып келе жатыр деген едіңіз. Қазір Қазақстанда ҰЕҰ-дың қызметі қаншалықты тиімді, Сіздің пікіріңіз қандай?

**Кельчевский:** Иә, азаматтық қоғам енді қалыптасып келе жатыр, бірақ ол күн өткен сайын нығая түсуде. ҰЕҰ-дың үні де бірте-бірте қаттырақ шығып келе жатыр. Менің ойымша, ҰЕҰ-дың өздері де қоғамда сенімге ие болып, кәсібиліктерін арттыруда. Ал азаматтық қоғам дегеніміз елдің «айнасы», мемлекеттің қайта түлеу жолындағы қозғаушы күш, ел демократиялық құрылымның негізгі құраушысы.

**IWPR:** Мемлекеттік құқыққорғау құрылымдарының іс-әрекетіне Сіз қандай баға бере едіңіз, мысалы, адам құқығы бойынша Ұлттық комиссия, омбудсмен және басқалар?

**Кельчевский:** Өзіңіз білетіндей, адам құқығы бойынша Ұлттық комитет ҚР-да адам құқығын дамытуға арналған негізгі стратегиялық құжаттардың бірін дайындап шығарды, ол – 2009-2012 жылдарға арналған ҚР-дағы адам құқығы саласындағы іс-әрекеттердің Ұлттық жоспары.

Омбудсмен жыл сайын есеп береді және баяндама жариялайды. Өткен жылға дейін бұл құжат тек қазақ және орыс тілдерінде шығып келді. Біздің Орталық оны кең тарау мақсатында ағылшын тіліне аударуға кеңес берді. Аударманы біз қаржыландырдық, бірақ бұл омбудсмен мандаты қызметін кеңейту жолындағы үлкен жоспарлардың тек кішкене қадамдары ғана. Біз келесі жылы осы бағытта жұмыс жасамақпыз.

**IWPR:** ЕҚЫҰ-на төрағалық ету Қазақстандағы адам құқығы жағдайын жақсартуға өз әсерін тигізе ала ма?

**Кельчевский:** Егер Сіздер ол жағын қарастырсаңыздар, онда – иә. Ал егер, осы төрағалықтан немесе өзге бір қандай да халықаралық ұйымнан күтіп отыра берсеңіздер онда – жоқ.

**IWPR:** Адам құқығы жөніндегі Халықаралық пактінің хаттамасын ратификациялауды ЕҚЫҰ-на төрағалық етумен де байланыстыратын пікірлер бар. Сіз бұл туралы не ойлайсыз? Жалпы Қазақстанның төрағалығы

қаншалықты маңызға ие? Көптеген адамдар бұл қадамды имидждік акция деп те атайды ғой...

**Кельчевский:** ЕҚЫҰ Қазақстанның азаматтық және саяси құқық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық жайындағы Халықаралық пактіні ратификациялауын бір емес бірнеше рет қолдады. Бұл екі құжат адам құқығын қорғау бойынша халықаралық құралдардың негізгісі болып табылады.

Ратификациялау немесе елдердің оларға қосылуы мемлекеттің адам құқығын қамтамасыз ету мен қорғаудағы халықаралық нормалар мен ұстанымдарды орындауға ықпалын анық білдіреді. Қазақстанның пактіге қосылуы халықаралық аренадағы, оның ішінде ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер арасындағы Қазақстанның имиджіне оң әсерін тигізгені сөзсіз.

Алайда, Қазақстанның бұл екі құжатты ратификациялағанына дейін, Қазақстан Үкіметінің, халықаралық ұйымдардың, азаматтық сектордың ұзақжылдық жұмысының болғандығын атап өту қажет. Барлық жақтың талпынысы Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуіне дейін көп уақыт бұрын байқалған еді.

Пактілерді ратификациялау - дамудың табиғи түрі, елдің осы саладағы халықаралық міндеттерді өз мойнына алудағы белгілі бір деңгейге жетуінің көрінісі. Менің ойымша, қазір Қазақстанға Пактілерде көрсетілген халықаралық стандарттарды мемлекет ішінде жүзеге асыруға көмектесуге баса назар аудару керек.

**IWPR:** Осы жылдың қазан айынан бастап қазақстандықтар БҰҰ-ның адам құқығы жөніндегі Комитетіне хабарласа алады, ал әйелдерге қатысты дискриминацияны жою бойынша Комитеттен көмек сұрай алатындығымызға 8 жылдан асты. Бірақ Қазақстаннан бірде-бір шағым түскен жоқ. Бұл Сіздің ойыңызша, немен байланысты?

**Кельчевский:** Менің ойымша, Қазақстан азаматтарының әйелдерге байланысты дискриминацияны жою бойынша Комитетке шағымданбауының екі себебі бар.

Біріншіден, Қазақстан ғана емес, өзге де елдерде де дискриминация фактісін дәлелдеу оңай емес, ал нақты сот ісіне ұластыру тіпті де қиын. Қазақстан заңнамасында соңғы уақытқа, нақтырақ айтқанда «Ерлер мен әйелдердің тең құқығы мен мүмкіндіктеріне деген мемлекеттік кепіл» және «Тұрмыстық жәбірлеудің профилактикасы жайындағы» заңдарға дейін «дискриминация» деген ұғым мүлде болмады.

Екіншіден, қоғамның ділі мен осы мәселеге байланысты ұғым-түсінігін де естен шығармаған дұрыс. Алайда, менің білуімше, 2008 жылы ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Орталығы бақылауына алған тұрмыстық жәбірлеу бойынша Комитетке шағым дайындалып жатыр

**IWPR:** Жақында Халықаралық адам құқығын қорғау Федерациясы Қазақстанға босқындар мен мигранттардың құқығын бұзды деген айып тақты. Сіздің ойыңызша бұл ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттердің Қазақстанға деген қатынасына әсер ете ме?

**Кельчевский:** Халықаралық адам құқығын қорғау Федерациясының Қазақстандағы (және Қырғыз Республикасында) еңбекте жүрген мигранттар мен босқындар жағдайы туралы есебі мен ұсыныстары Қазақстан үкіметінің назарын мигранттар мен босқындар құқығын қамтамасыз ету мәселесіне аудартуға бағытталған.

Біз БҰҰ-ның босқындар мәселесі бойынша Агенттігі мен миграция бойынша Халықаралық ұйым секілді бірсалаланған ұйымдармен қоян-қолтық қызмет жасап, жағдайды оң бағытқа бұруға үміттенеміз.

Халықаралық сахнада мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас ұзақжылдық негізде құралатынын тағы бір рет естеріңізге сала кеткім келеді.

Сондықтан, Сіз бен Сіздердің оқырмандаңыздың назарын келесі бір дүниеге аударғым келеді: ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер үшін ең бастысы – Қазақстанның осы ұйымға 2010 жылы сәтті төрағалық етуі. Бұл біздің ұйым үшін және оның негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін маңызды: ол – қауіпсіздікті қамтамасыз ету және екіжақты қарым-қатынасты дамыту.





**ҚАЗАҚСТАН: ЖЕКЕ ӨМІР ҚҰПИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫНА ДЕГЕН ҚЫСЫМДЫ КҮШЕЙТЕ ТҮСУІ МҮМКІН**

*БАҚ-ның құқығын қорғап жүрген құқық-қорғаушылардың сөзіне қарағанда жаңа заң билік үшін қолайсыз фактілерде әшкерелеуде журналистердің мүмкіндігін шектейді.*

**Артур Нигметов – Оралдағы (Батыс Қазақстан) штаттан тыс журналист, «Азаттық» радиосының тілшісі**

БАҚ-ның құқығын қорғап жүрген құқыққорғаушылардың сөзіне қарағанда, Қазақстандағы жаңа заң журналистер үшін елеулі шектеулер қояды, нәтижесінде қоғам қайраткерлеріне байланысты ақпарат алу мүмкін емес болады.

11 қараша күні парламенттің төменгі палатасы азаматтардың жеке өмір құпиясы туралы заңға түзетулер енгізетін жаңа заң жобасын қабылдады. Бұл өзгертулер жеке салым құпиясы, телефонмен сөйлесу және пошта арқылы хабар алмасу құпиясы секілді жеке өмір салаларын көлденең килігулерден қорғау мақсатында енгізілді. Сонымен қатар, аталған заң бұзылған жағдайда қатаң жазаға тарту туралы да түзетулер қарастырылды

Бұдан кейін заң жобасы парламенттің жоғарғы палатасы – Сенатқа өтеді, Сенаттың қарауынан соң, соңғы кезең – президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қол қойылуына жіберіледі.

Бұл өзгертулердің кейбірі, мәселен, тергеушінің телефон арқылы болған әңгімелерді тыңдау барысында алынған



мәлімет-фактілерді пайдаланғаны немесе бұрмалағаны үшін жауапқа тартылуы, құқыққорғаушылардың оң көзқарасына ие болды.

4 қараша күні осы заң жобасының парламенттегі бірінші тыңдалымында әділет министрінің орынбасары Марат Бекетаев жазаның ең ауыр түрі жеке өмір құпиясы ақпараттың жалпақ жұртқа таралуы арқылы (оның шінде БАҚ да бар) бұзылған жағдайда қолданылатынын мәлімдеді.

Белгілі медиа сала белсенділері, «Журналистер одағының» басшысы Сейітқазы Матаев пен «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қорының президенті Тамара Калеева заң жобасына қарсы шығып, жеке өмір құқығын қорғау шаралары ақпаратқа қол жеткізудің негізгі құқығына деген кепілдікпен қатар жүріп отыруы қажет деп мәлімдеді.

28 қазан күні Матаев пен Калееваның біріккен мәлімдемесінде заңның журналистердің ел алдында жүрген қайраткерлер туралы жазу құқығын сақтау керектігін және жала жабу айы-

бына байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартуды алып тастау қажеттігін атап көрсетті.

Матаев пен Калееваның үлкен наразылығына ұшыраған заң тұсы адамның жеке өмір құпиясы жайлы ақпаратты ақпарат таратушыны БАҚ арқылы жариялауына байланысты бес жыл бас бостандығынан айыру жазасы болды.

IWPR-ға берген сұхбатында Калеева бұл заңның шын мәнісінде журналистердің қызметін шектеуге бағытталғанын айтады.

«Заң қарапайым азаматтарды қорғауға емес, қоғамнан жасырары бар шенеуніктердің мүддесі үшін жұмыс істейді. Ал өздерінің кәсіби міндетін адал атқарып жүрген, өз ұстанымы бар, талантты журналистер қылмыстық жауапкершілікке тартылады», – дейді Калеева.

Парламент депутаты, осы заңды қолдап жүрген Владимир Нехорошев заңның негізгі мақсаты «журналистің жүріс-тұрысын ретке келтіру» деп мәлімдеді.





«Журналистің міндеті – қоғамның мүддесі үшін ақпарат жинауда кәсіби табандылық таныта отырып, өзі араласқалы отырған жандардың жеке өміріне деген сыйластық пен аянышты ұмытпауы. Сөз бостандығы осы сөзге деген жауапкершіліксіз болмайды», – дейді депутат.

Заңгер Сергей Уткин Қазақстан Ресейде қабылданған дәл осындай заңды негізге алуы керек деп санайды. Ресей заңында ақпаратты таратуға байланысты жаза ақпарат тек жеке мақсатта пайдаланылса ғана қолданылады. «Журналистерге бұл қағида жүрмейді. Біздің жағдайда бұл заңды не мүлде қабылдамау керек, не Ресей заңына сәйкестендіру қажет», – дейді Уткин.

Сырткөз ретінде өз пікірін білдірген Ресей саяси технологиялар орталығының сарапшысы Сергей Расов аталған заңның қабылдануы Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының тұралап қалатын күйге ұшырайтынына әкеліпсоғатынына сенімді.

«Егер Қазақстанда бұл заңды қабылдаса кез келген жағымды не жағымсыз ақпарат жарияланым я телесюжет қаһарманымен келісілуі тиіс болады, – дейді Расов. – Бұлай болмаған жағдайда кез келген шенеунік заңдық негізде журналисті оның жеке шоты, көлігі, бизнесі, әйелінің естен тандырарлық әшекейлері және басқалар туралы жазғаны үшін бас бостандығынан айыру туралы талап ете алады».

Қазақстандық саяси шолушы Айдос Сарым биліктің мұндай қатаң заң жобасын қабылдауға деген құштарлығының ерекше себебі бар дейді.

2007 жылы президент Назарбаевтың күйеу баласы Рахат

Әлиев банк қызметкерін ұрлағандығына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен жалтару үшін елден қашып кеткен болатын. Сол жылы күзде Интернетте жоғары дәрежедегі қазақ шенеуніктерінің іс жүзінде бірқатар құқықбұзушылықтарды жасағанын мойындайтын әңгімелері жазылған бірнеше аудиожазба пайда болды. Сол кезде елден сыртта жүрген Әлиевке қазақ билігінен кек алу мақсатында осы материалдарды жарыққа шығарды деген айып тағылған еді.

Бұл жазбалардың шыннайылығының күмәнді екендігіне қарамастан, Сарымның сөзіне қарағанда, олар президент Назарбаев пен оның айналасындағыларға үлкен зиянын тигізді.

«Міне, сондықтан, болашақта өзін қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін билік осындай ескертпе шаралар қабылдауға барып жатыр», – дейді Сарым.

2009 жыл журналистер үшін аса қолайлы жыл бола қойған жоқ. Парламент мүшесінің жала жапты деген арызының нәтижесінде тәуелсіз «Тасжарған» газеті жабылды, ал БТА банкке жала жапқаны үшін оншақты миллион айып «Республика» газетінің мойнында тұр.

Тамыз айында «Алма-Ата Инфо» газетінің меншік иесі әрі редакторы Рамазан Есергеповке Қазақстанның қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің салық төлеуден жалтару ісіне қатысы бар жергілікті бизнесменнің компаниясына қатысты іс-әре-



кеттерін газет бетінде жариялағаны үшін мемлекеттік құпияны ашты деген айыппен үш жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылды.

Осы жазда парламент интернет-ресурстар үшін сөз бостандығын шектейтін заң қабылдады. Биліктің сөзіне қарағанда, олар мерзімді БАҚ арналған ержелерді Интернет-ресурстарға да қолдану арқылы қылмыспен, араздық тудырушы жайттармен және порнографиямен күресуге тырысады. Медиа белсенділер болса, бұл пікірмен келіспеуде, олардың ойынша билік осы қадам арқылы тәуелсіз жаңалықтармен сөз бостандығының соңғы тұрағы Интернетті де бір тұқыртып алуды ниет етті.



# ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІЛІК ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА ЕТЕК ЖАЙЫП БАРА ЖАТЫР

*Заң бұзушылар үй-жайы жоқ жандарды ұрлап, оларды құл есебінде қара жұмысқа салуда.*

*Яна Герасименко Семейден*



Полиция осы қыстаудан қалған үш құлды тапты. © IWPR

Қазақстанның шығыс бөлігіндегі полиция мен құқық қорғаушы топтар адамдардың ұрланып, оңаша жатқан фермаларда оларды құл есебінде жұмысқа салу оқиғаларының кездескенін айтады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтарға қарсы күрес бөлімінің қызметкерлері жүргізген зерттеу нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында күшпен әкелініп, ұсталынып отырған үш тұтқын босатылды.

«Құл иеленушілерді» қолға түсірген полиция капитаны Айдарбек Тілеубеков мұндай жұмысшылардың қандай жолмен әкелініп жүргенін айтып берді.

«Қожайынның отыз жастағы ұлы ауылдан бірнеше жүз шақырым қашықтықта орналасқан Семей қаласына (орыс тілінде «Семипалатинск» деген атпен белгілі) барып, өзін полиция қызметкерімін деп таныстырып, көше кезбелерін «ішімдік ішкені үшін» ұстайтын болған. Сосын оларды «қыстауға» (қойшылардың өмір сүруіне арналған, өмір сүру жағдайы төмен үй) апарып отырған», – деді полиция капитаны.

Осылайша, құл иеленушілер төрт адамды қолға түсірген,

олардың үшеуі көше қаңғыбастары – қырық жастағы ерлі-зайыптылар мен 55 жастағы ер адам.

Төртіншісі 50 жастағы тас өңдеуші Қадырәлі болған, оның құрылыстағы жұмысынан лас киімде келе жатқанын көрген адам ұрлаушылар Қадырә-

ліні үйсіз жүрген жан деп ойлап, оған ішімдік беріп, ауылға алып кеткен. Кейін құл иеленушілер оған ішкен ішімдігіңді бір ай бойы мал бағу арқылы төлеп шығасың дегенді айтып қара жұмысқа салған.

«Мен қарсылық танытқан кезде, олар мені қорада аяғымнан асып қоямыз деп қорқытты. Тамақты да жарытып берген жоқ, жегеніміз макарон мен нан болды. Кей-кейде асқа аурудан өлген қой беретін. Істеген жұмысымызға ештеңе төлемейтіндіктерін түсінгенімде менің шыдамым әбден тауысылды», – деді кейін Қадырәлі полицияда.

Үйіне қайтқысы келген Қадырәлі, егер оны жібермесе қыстауды өртеп жіберемін деп қорқытқан. «Сонда маған «Қайда барсаң онда бар» деп жауап берді. Ал мен қайда барамын. Мен де, менің жанымда болғандар да қай жаққа баруды білген жоқпыз», – дейді Қадырәлі.

Жақын жатқан қалаға жаяу жету мүмкін емес еді, себебі құлазыған кең дала жүздеген шақырымға созылып жатыр. Оның үстіне осы қыстаудың маңын қасқырлар торып жүреді, олар кейде отардан қой да алып кететін.

Қыстау иелері тұтқындардың қашып кету мүмкіндігінің жоққа тән екенін білді, сондықтан олар жұмысшыларды тіпті күзетпейтін де.

«Бірақ мен өз бостандығыма қол жеткіздім», – дейді Қадырәлі, ол бір адамдарды Семейге өзін апарып тастауға көндірген, қалаға келісімен жаппа шегуші бірден полицияға барған.

Жедел топ қызметкерлерінің айтуынша, егер Қадырәлі келмесе, олар қыстаудың қайда екенін ешқашан таба алмас еді.

«Біздің облыста құлдықтың дәл осы түрі кең таралған. 2008 жылдың наурыз айында, Жарма ауданында еріксіз құлдықта ұсталынып отырған ерлі-зайыптылар табылып, босатылды, дәл осындай жағдай осы жылдың мамырында Үржар ауданында қайталанды», – дейді Шығыс Қазақстан облысында заң шеңберінен тыс жұмысқа жегілгендерге көмек көрсететін «Феникс» үкіметтік емес ұйымының директоры Нәзігүл Ахметқалиева.

Жоғарыдағы іс бойынша тергеу шарасы әлі жүріп жатыр, ол біткен соң полиция шаруа қожалығының иелеріне айып таға ма, жоқ па – соны шешеді.

IWPR пікірінше, егер іс сотқа жеткен жағдайда, ол 7 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруды қарастыратын Қазақстан Қылмыстық кодексінің 128-бабы (Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жа-

сыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау) бойынша жүреді.

128-бап бойынша жауапқа тарту Шығыс Қазақстан облысында сирек кездеседі, себебі, «құл иеленушінің» кінәсін дәлелдеу қиын, ал зардап шеккендер билікке шағымдануға онша құлық таныта қоймайды.

Жоғарыдағы бап бойынша осы уақытқа дейін тіркелген үш қылмыстық істің екеуі адамдарды жыныстық қатынаста пайдалануға, ал біреуі адам еңбегін пайдалануға байланысты қозғалған. Төртінші қылмыстық іс 133-бап (кәмелетке толмағандарды саудаға салу) бойынша қозғалды, заң бұзушы 10 жылға бас бостандығынан айырылды.

Қазақстанның ішкі істер Министрлігінің ақпаратында ел бойынша 128-бап бойынша 128, ал 133-бап бойынша 16 қылмыстық іс қозғалғаны көрсетілген.

Ахметқалиев құлдыққа тек Қазақстан азаматтары ғана емес, сонымен қатар көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Ресейдің азаматтары да түсетінін айтып кетті.

«2005 жылы Үржар ауданында Ресейдің азаматы табылып, босатылды. Оны жеке кәсіпкер өзінде 5 жыл ұстап отырған. Ресей азаматы құрылыста істеген, мал баққан, жылуы жоқ үйде тұрған, ақша алмаған. Ол ресейлік іс-түзсіз жоғалып кеткендерді іздейтін «Жди меня» бағдарламасының арқасында табылды, азаматты анасы іздеп осы бағдарламаға хабарласқан екен», - дейді Нәзігүл Ахметқалиева.

Миграция бойынша Халықаралық ұйымның қолдауына ие адам саудасына қарсылық жобасының үйлестірушісі Әлия

Аликова: «Қазақстанның қалалары мен ауылдық аймақтарының географиялық орны мен экономикалық өсімі Өзбекстан, Қырғыз Республикасы және Тәжікстаннан келген мигранттарға тірек пункті болып отыр», - дейді.

Мигранттардың басым көпшілігі Қазақстанға өз еріктерімен, отанында қалған отбасыларына ақша табу үшін келеді.

Құлдыққа түскен немесе осыған ұқсас жайттарға тап болған жандарға арнап Миграция бойынша Халықаралық ұйым (МХҰ) екі арнайы орын, сонымен қатар



адам саудасына байланысты ақпаратпен жұртшылықты қамтамасыздандыру үшін телефон желісін ашты. Басқа ұйымдармен біріге отырып МХҰ жыл сайын 100 шақты адамға көмек көрсетеді.

Полиция қызметкерлері аталған қылмыстық істермен айналысса да, олар құлдыққа түскен адамдарға әрдайым аяушылықпен қарай бермейді.

Семей қалалық ІІБ-ның ақпаратпен тіл саясаты бөлімінің бастығы Елубек Оспановтың сөзіне қарағанда үйсіз жүрген адамдар мұндай жағдайға түскеніне өздер кінәлі.

«Біз қаңғыбастығы үшін қолға түсірген жандардың көбісінің қалада оларға қарап, бағып-

қағуға дайын туыстары бар. Бірақ мұндай адамдар отбасы қарауында ары кетсе екі апта бола алады, содан кейін қашып кетеді. Бәріне кінәлі ішімдікке салыну», - дейді Оспанов.

Семей қаласындағы «Дом» қоғамдық қауымдастығының заңгері құлдық мәселе Қазақстанда жаңадан пайда болған жоқ, ол кеңестік кезеңде де болған деп есептейді.

«80 жылдардың басы мен 90 жылдары мен құқыққорғау органдарында қызметте болдым және мұндай оқиғаларға кездескенмін. Жұмыс бригадалары көше кезбелерін ақша төлейміз деп жинап алып келіп тегін жұмысқа салатын. Мұндай жағдайларда әдетте іс қозғалмайтын, ал босатылған «құлдар» арыз жазудан бас тартатын. Мүмкін оларға қысым көрсетілген шығар», - деп Гурин есіне алды.

«Қазір болып жатқан дүние – өткеннен қалған мұра, дәстүр», - деп өз ойын қорытындылады ол.

«Дом» ҚҚ-ның жетекшісі Майра Әбенова Қазақстанда етек жайып келе жатқан әлеуметтік бөлінушілік қоғамның мұндай жағдайға бейжай қарауына әкеліп соқты деп санайды.

«Қоғам ауқаттылар мен тұрмысы төмендерге бөлінді. «Төменгі сорт» пен «жоғарғы сорттың» адамдары пайда болды. Тіпті балалардың өзі «бомждарды» адам деп санамайды. Менің ойымша, заңсыз еңбек күшін пайдаланатын шаруа шаруашылықтары Қазақстанда аз емес. Бірақ қоғамдық қауымдастықтардың бұл мәселені шешуге қауқары жетпейді. Бұл жерде прокуратура мен полицияның қатаң назары керек», - дейді Әбенова.



## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС ҚЫРҒЫЗСТАН МЕКТЕПТЕРІ ҮШІН ҮЛКЕН МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ОТЫР

Сарапшылардың сөздеріне қарағанда заң бұзушы жасөспірімдер көп жағдайда жан-жағында болып жатқан дүниелерді қайталайды.

**Асылы Османалиева – Қырғызстандағы IWPR тренингтерінен өткен журналист.**

Алты жасөспірімнің сыныпта-сын ұрып соғып өлтіруіне байланысты сот отырысы Қырғызстан мектептерінде зорлық-зомбылықтың көбеюіне қоғамның назарын аудартты.

АКИ press агенттігі таратқан ақпаратқа сәйкес 15 жастағы Садабайуулы Нурактың өліміне байланысты сот отырысы 2 желтоқсанда, Талас облысы, Бақай-Ата аудандың сотында өтті. Алты сотталушыға қорқыту, үркітіп талап ету және «сапалы түрде жәбірленушінің өліміне әкеліп соққан денсаулыққа ауыр зиян әкелу» бойынша айып тағылды.

Сарапшылардың сөзіне қарағанда, елдегі көптеген мектептерге рәкет тараған, және бұл мәселені шешу үшін қоғамның пікірін өзгерту, білім саласында бірқатар реформалар жүргізу қажет.

«Эл Пикир» ұйымының қызметкерлері жақында жүргізген зерттеу оқушылардың 34 пайызының өз мектептерінде жүйелі түрде еріксіз қорқытып-үркітуге тап болатынын көрсеткен.

Жағдайдың маңыздылығы сондай, парламент депутаттары бұл мәселені зерттеуге арналған арнайы комиссия құрды.

Сарапшылар мектептердегі кездесетін зорлық-зомбылық пен қылмыс 1991 жы-

лы Кеңес Одағы тараған соң басталған әлеуметтік жағдайдың және жасөспірімдер қоршаған ортасында көріп жүрген жүріс-тұрыс моделінің тура салдары болып табылады дейді.

2009 жылы IWPR-дың радиожурналисті Жанар Акаев Оштағы мектеп оқушыларымен әңгімелесті. Олар жасөспірімдер бандасының өздерін «салық» деп атап ақша жинағанның қарсы болған сыныптастарын ұрып-соққандарын, бәсекелес бандылардан қорғаймыз деп ұсыныс жасағанын айтты (Қырғызстанның оңтүстігіндегі мектептердегі бандылар (Giang Culture Rife in Southern Schools).

АКИ press агенттігінің хабарына қарағанда, қаза тапқан жасөспірім «Мужсовет» деп аталатын жоғарғы сынып оқушыларына ақша беруден бас тартқаны үшін таяқ жеген жасөспірім қаза тапты.

Милицияның сөзіне қарағанда соңғы жылдары мектеп оқушылары арасында жасалынып жүрген қылмыс деңгейі ауырлай түскен.

Ішкі Істер Министрлігінің Қоғамдық Қауіпсіздік Басқармасының (ҚҚБ) аға инспекторы Марат

Мундузбаев «балалар мен жасөспірімдер аралын-дағы қылмыстық өсу тенденциясы емес, қаталдығы сақтандырады».


«Өзін топ басшысы, атаман деп есептейтін әркім-ақ өзімен бірге қару алып жүреді. Негізінен ол, шағын келген пышақ болады, оны тәркілеуге болмайтынын, және онымен адам өлтіруге болатынын жасөспірімдер біледі».

Талап ету мен ұрлықтан бөлек бір-бірімен бәсекелес бандылар өзара төбелестер ұйымдастырады.

Мундузбаевтың сөзін сенсек, бұдан он жыл бұрын мұндай төбелестер аз-кем жарақатпен ғана аяқталатын.

«Қазір олар пышақтауға, ауыр жарақаттарға, тіпті, қлімге де әкеліп соғып жатады», - дейді Мундузбаев.

Мундузбаев, мұндай оқиғаларға, сонымен қатар, қыздардың да араласатынын айтты. Және олардың көптігі сондай, қазір әйелдерге арналған колонияларда отырған қыздар үшін арнайы жасөспірім-қыздар колониясын бөлек ашу қажет.



Балалар қылмысы бойынша сарапшылар бандылар бұрыннан бар, бірақ олардың қазір көрсетіп отырған қатігездігі қоғамда пайда болып отырған, бұрын-соңды болмаған жайт.

«Ер балалар ортасында өзін басқалардан жоғары ұстайтын, олардың қол астына бірітіретін белсенді біреуі болады, бірақ, бұл топтың заңға қайшы әрекеттерге баруы керек деген сөз емес, - деп түсіндірді Бішкек қаласының ішкі іс-тер бөлімінің Ленин ауданы көмелетке толмағандар ісі бйыонша инспекцияның бастығы Нурдин Омурбеков. – Бірақ, егер, олардың арасында қылмыс көбейе түссе, ал қылмыстың сипаты қатігезденіп бара жатса, онда жасөспірімдер мен балаларды да түсінуге болады, бұл біздің қоғамымыздың бейнесі».

Коммунистер фракциясының депутаты бұл пікірмен келіседі. «Балалар үлкендердің тірлігін қайталайды. Мұндай нақты ойластырылған қылмыс түрлерін олар қайдан алды? Мұндай мольді балалар ойдан

шығармайды, тек ерек-сектердің қылмыстық әлемін қайталайды», - дейді ол.

«90 жылдары кеңес билігінің жүйесі құлаған тұста, капиталистік жүйе үлен экономикалық құлдыраумен қатар келді, билік бақылауды жоғалтып алды, қылмыс күрт артып кетті. Елде базарларды, кафелерді, ресторандарды, тіпті үлкен өндірістерді бақылайтын қылмыстық топтар пайда болды», - дейді Мундузбаев.

Қазір бұл ұрпақтың өз балалары бар, Мундузбаевтың сөзіне қарағанда, олар атан-аналарынан ең ыасты ережені үйренген: «кім күшті, шындық сол адамда».

IWPR корреспонденті 39 жастағы бизнесменнен сұхбат алды, ол өзінің 90-ыншы жылдары жылдам әрі жақс ақша беретін істің бәрімен айналысқанын айтады. Сол кезде ол базарларды бақылаған, сатушылардан салық жинаған, оларға қорғаныспен қамтамасыз еткен немесе жай ғана тонаумен айналысқан. Бүгінгі күні қылмыстық әлемнің бұрынғы өкілінің ұлы мектепте қорқытып-үркітуге тап болып отыр.

Бала үйге мектеп рәкеттерінен алған, көгерг жарақаттармен келгенде, әкесі оны өз-өзін қорғап үйрену үшін бокс үйірмесіне жібереді. Ал ұлы жаттығу кезінде ауыр жарақат алған соң, бизнесмен мұндай жолмен мәселені шеше алмасын біліп, оны басқа меиепке ауыстырады.

«Мен егер газетте бір



оқушының өлімі жайында оқымағанымда, ұлымды әрі қарайда «нағыз еркек» қылып тәрбиелей беруші едім», - дейді ол.

Қырғызстанда жасөспірімдер ата-аналары Кеңес Одағы тұсында естімеген де күш көрсетудің түрлеріне кезігіп отыр.

Ұйымдасқан қылмыстық топ туралы атақты ресейлік сериалға мілтеме жасай отырып, Мундузбаев «бүгінгі күнгі балалар, кинодағы оқиғаны шынайы түрде қабылдайды» деді. «Путник» балаларға көмек беру психологиялық орталығының директоры Светлана Дербенованың сөзіне қарағанда қатігездікке тәрбиелейтін ақпаратты көбейіп бара жатыр. Балалар еш кедергісіз ұялы телефондарына төбелес, адам өлтіру, күш көрсету көріністерін жазып ала алады, ең жаманы, олар осындай дүниелерді «авторлық сюжет» ретінде өздері де түсіреді.

Жас балаларға арналған арнайы мектептің директоры Эмильбек Алымбаев үлкендер







тарапынан балаларға қатігездікпен қарау зорлық-зомбылық тудыратын тағы бір фактор екенін өз тәжірибесінен біледі.

IWPR-дың срапашылар мен түрлі мемлекеттік мекемелердің өкілдерімен жүргізген сұхбаты көрсеткендей, балалар арасындағы сұмдық қылмыстар жақын арада өз шешімін таппайды, ол тек билік қана емес, далпы қоғам осы мәселеленің бар екеніне назар аударғанда ғана жақсара бастайды.

«Мектептердегі рәкет мәселесінде жақсы нәтижелерге жету үшін, педагоғарды, кәмелеткежасы толмағандар ісі бойынша инспекторды, ата-аналарды, оқушыларды қылмысқа қарсы күреске тартып, мектептердегі тәрбиелік

жұмыстарды күшейту қажет», - дейді инспектор Нурдин Омурбеков.

13 жастағы оқушының анасы мектеп мұғалімдері мектеп рәкетін тоқтату үшін тырысып жатқанын айтады.

Өз атын атамауды өтінген әйел «Мектеп мұғалімдері күш көрсетіп, талап ету жағдайы туралы біледі, бірақ оған көз жұма қарайды. Мүмкін бұл олардың әлсіздігімен немесе оқушылардың алдында беделін түсіріп аламын деген қорқыныштан шығар», - дейді ол.

Мундузбаев мектепке бекітілген милиция қызметкерлерін көбейту керек деп санаса, оның әріптесі Омурбеков ата-аналарға балалармен уақытты

көбірек өткізуге кеңес береді. Омурбековтың сөзіне қарағанда олардың көбі ақша табудың жолына түсіп, бала тәрбиесіне мән бермей кеткен.

Депутат Султаналиева тек ішкі істер министрі ғана емес, әр адам осы мәселені шешуге қатысуы керек.

Ол сонымен қатар, қоғамның аталған мәселені мойындауы да қажет деді.

«Ең маңыздысы, мектеп рәкеті мәселесінің бар екенін мойындап, қандай да бір болмасын шаралдар қолдану басталды. Ал қоғам белгілі бір мәселелнің бар екенін мойындаса, бұл шешімнің табылғанының жартысы», - дейді Султаналиева.



## ҚАРТТАР ӨМІР СҮРУ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

*Аз көлемдегі зейнетақы және төмен жалақы көлемі көптөген қарттардың суық пен аштықта өмір сүруіне себеп болып отыр.*

**Нафиса Писареджева, IWPR тренингтерінен өткен Тәжікстандағы журналист**

Сарапшылар Орта Азиядағы ең кедей мемлекет Тәжікстан бүгінгі күні егде адамдарды жайлы қарттықпен қамтамасыз ете алмай отыр, ал болашақта бұл жағдай қиындауы мүмкін дейді.

Алевтина 68 жаста, жалғыз тұрады. Алған зейнетақысы бітті, ал келесісіне дейін біраз уақыт бар. Кейде қарт жейтін ештеңе де таба алмай қалады.

Оның күйеуі жеті жыл бұрын қайтыс болған, ал жалғыз ұлы 1992-1997 жылдары болған азаматтық соғыс кезінде қаза тапты. Ол өзінің тегін жасырады, себебі қазіргі кейпі, кедейшілігінен қысылады.

Алевтина өмір бойы бухгалтер болып жұмыс істеген, зейнетке шыққан соң да екі жыл бойы өз ұйымына қызмет еткен. Қазір ол айына 64 сомони (15 доллардан аз) зейнетақы алады.

Күйеуі өмірден кеткен соң оның жағдайы қиындап кетті, кейбір заттарын сатуға тура келді.

Оның жасына қиын екі жұмысқа ерең орналасты, ол асханада ыдыс жуушы, ауруханада еден жуушы болып жұмыс істейді.

Оның зейнетақысы мен екі жалақысы біраз ғана азық-түлік пен қоғамдық көлікте жүруге ғана жетеді. Кімсі сатып алмағанына көп болып, ал кейде, жексенбі күндері базарға барып ескі заттарын сатады.

«Ақша көп таппаймын, бірақ, әйтеуір аштан өлмеймін, ал



ауыра қалсам, дәрігерлер қарап береді», - дейді ол.

Тәжікстан – Орта Азиядағы ең кедей мемлекет, оның тұрғындарының жартысынан астамы Бүкіләлемдік Банк белгілеген біркүндік 2 доллардан аз сомада, кедейшілік жағдайда өмір сүреді. Кеңес Одағы құлаған соң, ел экономикалық құлдылау мен азаматтық соғысты бастан өткерді.

Сол кезден бергі уақыт аралығында егде адамдар ме басқа да әлсіз әлеуметтік топтар, өмір сүру деңгейінің төмендеуінен зардап шекті, сонымен қатар әлеуметтік қызмет көрсету мен денсаулық сақтау саласы да құлдылап кетті.

Тәжікстанда соңғы жылдары еңбекке жарамды жастағы жандардың сыртқа кетуін бастан кешірді, олар ақша табу мақсатында Ресей мен Қазақстанға келді. Олардың тапқан, үйлеріне жіберген ақшасы ауыр жағдайдан шын мәнінде құтқарып отырды, бірақ, олардың елден кетуі егде адамдарға қиын болды, себебі жұмыс істеуге жарамды ешкім қалмады. Сонымен

қатар, ертеден келе жатқан отбасылық дәстүр құрылымы бұзылды, бұрын қарт адамдарға деген құрмет пен сый болатын.

«Жастардың негізгі бөлігінің миграцияға кетуіне байланысты ауылдық жерлерде жұмыс істеуге қарт адамдар мен әйелдер қалды», - дейді әлеуметтанушы Фируз Саидов.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің мәліметіне сәйкес елде 549 мыңның айналасында қарт адам бар.

Бүгінгі күні елде ең төменгі зейнетақы көлемі 60 соманиді (14 доллар) құрайды, ал ең жоғарғы зейнетақы 300 сомани немесе 70 доллар, алайда зейнетақы уақытында берілмейді. Еңбек министрі Шукурджон Зухуровтың сөзіне қарағанда зейнетақының кешеуілдеуі салық органдарының әлеуметтік салықты уақтылы жинамауына байланысты.

Жалғыз және өмір сүру деңгейлері төмен жандар газ бен электр энергиясын төлеу үшін қосымша зейнетақыдан тыс көмек алады. Сонымен қатар, бұл дәрежедегі жандар коммуналдық қызметтің тек 50 пайызын ғана төлейді.

76 жастағы Зинаида Гаврилқызы 22 доллар көлемінде зейнетақы мен 11 доллар көлемінде қосымша көмек алады, ол көмекті оған энергетика Министрлігі беріп отыр, бұл министрлікте ке-





зінде өзі жұмыс істеген еді. Коммуналдық қызмет, телефон, электр энергиясына ол өз табысының жартысын береді.

«Кофе, шұжық, ет секілді дүниелер жайлы тіпті армандамаймын да», - дейді ол.

Дәрігерлерге сирек қаралады, себебі дәріге ақшасы жоқ.

Тәжікстанның егде адамдардың мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдары (ҮЕҰ) билікті 2002 жылы әлемнің 160-тан астам елі бар БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен қабылданған қарттық мәселелері бойынша іс-әрекеттің Мадрид халықаралық жоспарының ұсыныста-рына құлық қоюға шақыруда. Бұл халықаралық келісім үкіметті қартаю мәселесін барлық әлеуметтік және экономикалық стратегияларға (оның ішінде кедейлікті азайтуға байланыстысы да бар) қосуды міндеттейді.

HelpAge International ұйымының тәжікстандық кеңсесінің жоба үйлестірушісі Захро Курбонбекова ел демографиялық қартаюдың алдында тұр және оған қарсы шаралар қолдану керек дейді.

«Қазіргі кезде, кедейлікке қарсы бағдарламаларда қартаю ескерілмейді», - дейді Курбонбекова. «Адамдардың өмір сүру деңгейін жақсартатын бөлек жеке стратегия қажет», - қосты өз сөзіне ол.

Үкіметтік шенеуніктер мұндай мәселенің бар екенін жасырмайды, бірақ, қазір, әсіресе, Тәжікстан ғаламдық экономикалық дағдарысты басынан көшіріп отырған тұста зейнеткерлердің жағдайын жақсартуға арнайтын қаржы жоқ дейді.

«Мемлекет егде жандарға мүмкіндігінше көмектесіп отыр, ал қазір мемлекеттің қаржылық жағдайы аса жақсы емес», - деді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Даврон Валиев.

Қазіргі жағдайда жақын арада зейнетақы көтеріле қоймас деді ол. Басшының сөздеріне қарағанда зейнеткерлерді әлеуметтік тұрғыдан қорғау үшін жасалынып жатқан істерге негізінен зейнет жүйесіне реформа жасау мен әлеуметтік

қызмет көрсету жүйесін жетілдіру болып табылады. Қазіргі кезде қаралу үстіндегі реформа жобасына сәйкес, жаңа зейнет жүйесі жұмыс берушілердің салығы, мемлекеттік бюджет және азаматтардың зейнетақы салымдарынан тұратын болады.

Стратегиялық зерттеулер Орталығының директоры орынбасары Сайфулло Сафаровтың пікіріне жүгінсек, егде жандарды қолдау бойынша стратегия қабылдау қажет.

«Егде жандар ескерілетін заңдар бар, бірақ олар зейнеткерлердің әлеуметтік және экономикалық құқығын толық қамти алмайды», - деді ол.

ҮЕҰ мен үкімет қарттардың жағдайын қалай жақсартамыз деп жатқанда, қарттардың өздері лайықты зейнетақы, дұрыс тамақ пен дем алысқа қол жеткізуге деген үмітерін үзді.

«Базардан жаңа келдім, сырт киімімді саттым, - дейді Алевтина. - Есесіне келесі зейнетақыға дейін өмір сүре аламын».



# БҰРЫН СОТТАЛҒАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қырықтан енді асқан Роза тәжік түрмесінде күндерін өткізуге мойынұсынған секілді.

«Мүмкін бұл сіздерге қызық көрінер, бірақ маған колонияда, еркіндікке қарағанда жақсырақ. Мен бұл жерде жұмыс істеймін, қонақ үйлерге арнап шағын фабрикада төсек жамылғыларын тігемін», - деді ол IWPR-ға.

Тәжікстандағы жалғыз әйелдерге арналған, ел астанасы Душанбеден 70 шақырым қашықтықта орналасқан колонияға Роза екінші қайыра түсіп отыр. Есірткі тасымалдағаны үшін алты жыл түрмеге отырған ол босағанына екі жыл өткен соң дәл сондай айыптаумен тағы да түрмеге түсіп отыр.

Ол колониядан тыс жерде өзіне жұмыс табудың қиынға соққанын айтады, жергілікті биліктен де еш көмек ала алмаған. Ақырында, бір кафеге ыдыс жуушы болып жұмысқа кірген, бірақ, артынша ауыр жұмыс жағдайларына байланысты ол жерден шығып кеткен.

Ол кафенің иесімен төленбеген жалақы үшін сөзге келіп қалған, біраз уақыттан соң Роза қайтып келіп, біркүндік кафенің тапқан ақшасын ұрлаған.

«Екі минуттай мен не істерімді білмей тұрып қалдым, ішкі жанымда бірдеңе «қаш, қаш» деп тұрғандай болды, мен солай еттім де», - дейді ол. Оны алдымен кафе қызметкерлерінің бірі көрген, кейін милиция Розаны үйін аңдып барған.

Роза – колониядан кейін қалыпты өмірге үйрене алмаған көп әйелдің бірі. Олардың арасында қайыра қылмыс жасау оқиғасы жиі кездеседі.

IWPR-ға айтқан әңгімесінде әйелдер колониясының ше-

*Кедейлік пен қоғамның масқара деп танитын, сотталған әйелдерге деген көзқарасы пенитенциарлы мекемелерден босап шыққан әйелдер арасында қайыра сотталғандардың кездесуіне әкеліп соғуда.*

**Салимахон Вахобзаде, Душанбедегі «Халықтық газеттің» корреспонденті**

неунігі 2007 жылы кешірім алған 291 тұтқынның 60-ы колонияға қайта түскенін айтты. Содан бері олардың 30 босаған, бірақ, үштен бір бөлігі заң бұзып, түрмеге қайта түскен.


Тәжікстанның Жоғарғы сотының соты Лариса Кабилова ер болсын, әйел болсын, бұрынғы қамауда болғандар арасында қайта қалпына келтіру бағдарламаларының болмауы, олардың түрмеге қайта түсулеріне алып келіп отыр дейді.

«Олардың көбі мерзімнен тыс босап шығады, бірақ, кейбір қоамдық мәселелер олардың колонияларға қайта түсуге немесе елдегі жұмыссыздардың санын көбейтуге мәжбүрлейді», - дейді ол.

Бұрынғы тұтқындарға деген кең таралған жағымсыз кейіптегі пікірдің салдарынан жұмыс берушілер оларды жұмысқа алмайды. Көптеген мигранттарды Ресейден қайта оралуға мәжбүрлеген экономикалық дағдарыс нәтижесінде тәжік еңбек нарығында үлкен қысым тудырып жатыр.

24 жастағы Нилуфар наурызда Халықаралық әйелдер күніне байланысты кешірім нәтижесінде босап шыққалы бері жұмыс таба алмай жүр. Ол есірткі тасығаны үшін алған 8 жыл жазасының 5 жылын өтеп шыққан.

«Телефон компаниясында қызметкерлер бойынша менеджер менің қағаздарымды қарап шықты да, жұмысқа алудан бас





тартты. Мен супермаркетте де жұмыс табуға тырыстым, бірақ ол жер де мені қабылдамады. Енді мен ары қарата қалай өмір сүрерімді ойлап жатырмын», - деді Нилуфар. Ол мектепті еден жуушы болып жұмысқа алуға уәде алғанын, бірақ, оның да қаншалықты сенімді екенін білмейтіндігін айтты.

Тіпті дағдарысқа дейін-ақ Тәжікстан Орта Азиядағы ең кедей елдердің бірі болатын, Бүкләлемдік Банк бекіткендей жан басына күніне 2 доллар табыстан келген.

Әйелдер мен отбасы ісі бойынша үкіметтік Комитеттің төрағасы Хайринисо Юсуфи бұрынғы тұтқындардың жұмысқа тұрудағы қиындық мәселелерімен жақсы таныс екендігін айтты.

«Біз ең бірінші кезекте көп балалы аналарды жұмысқа тұрғызуға тырысамыз. Бұлардың арасында бізге көмек сұрап келген бұрын сотталған әйелдер де бар. Өкнішке орай, барлығы бірдей келмейді. Соңғы жылдары қаржылық дағдарыс әйелдерді жұмысқа орналастыру мәселесін қиындатып жіберді. Біздің ұсынысымыз бйынша төмен жа-laқыдағы жұмысқа адам алатын көптеген кәсіпкерлер енді көмек беруден бас тартып жатыр», - дейді ол.

Үкіметтік комитеттерден бөлек Тәжікстанда 400-дің айналасындағы әйелдер мәселесімен айналысатын ұйымдар бар, бірақ олардың ешқайсысы әйел-тұтқындарды қалпына келтіру жұмыстарымен айналыспайды.

Есірткі сатумен заңсыз айналысу жұмыс таба алмай жүрген жандарды көптеп тартуда, контрабандылық қылмыскерлер әйелдерге еркектерге қарағанда сенімге көбірек ие деп ойлап, есірткі тасуға әйелдерді тартады.



Тәжікстан мен Ауғанстанның арасындағы шекара таулы өңірмен өтеді, жақсы қадағаланбайды, сондықтан бұл аймақ Ресей мен Еуропаға героин тасушы үшін ыңғайлы жер ретінде қызығушылық тудырады.

Әділет Министрлігінің пенитенциарлы мекемелесінің бастығы орынбасары Бахром Абдулхакков түрмедегі әйелдердің көбі есірткі тасығаны, сатқаны немесе қолданғаны үшін отыр дейді.

Басқа қылмыстардың арасында адам саудасы, жезөкшелікпен айналысу және ұрлық бар.

Қазір 45 жастағы Сабина есірткі тасығаны үшін сотталған болатын, екінші рет жезөкшелік және оларды ұстайтын орны болғаны үшін қамалды. Бостандыққа шыққан ол ұрлықпен айналыспақшы болған бандылармен байланысқан, нәтижесінде, міне, үшінші рет жауапқа тартылып отыр.

Ол колониядан тыс жерде өмірге бейімделудің қиын екенін айтады. Үй-жайы, ақшасы мен жұмысы жоқ ол қа-

лыпты өмірде өзін қуылған жан ретінде сезінеді және иексеру кезінде милицияның қолына оңай түседі.

«Ұсталып қаламын немесе соққы жеймін бе де ылғи үрейде боласың. Ең жаманы – 205 бап [жезөкшелер үйін ұстау] бйынша ұсталғанымды білген соң, тиісе ме деген қорқыныш», - дейді ол.

Роза секілді Сабина да түрмеде тамақ, медициналық көмек және баспана жайында ойламайтындығын айтады.

«Бұл жерде, колонияда жақсы, тек ережелер мен міндеттеріңді орындап отырсаң болды», - дейді ол.

«Бұл жерден шыққан соң, заң бұзбауға, жеңіл ақша құмай, адал жұмыс істеуге тырысымын», - дейді Аноргуль.

Қазіргі кезде колонияда 290 айналасында тұтқын бар. Кезекті кешірім 4 қараша күні жарияланған болатын және көптеген «әйелдерге сол кезде кешірім берілді. Бірақ, олардың қалыпты өмірге үйреніп кетуіне деген сенімнің аздығы сондай, тұтқын-әйелдердің қайтып келуі – уақыт меншігінде дүние.



## ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫНЫҢ ЖАЗАСЫ БІР ЖЫЛҒА КЕМІДІ

*Ташкенттегі апелляциялық сот өзбек құқық қорғаушысы Фархадхон Мухтаровқа қатысты шешімін жұмсартты.*



Фото: Өзбекстанның  
Құқыққорғау Альянсы  
([www.pau-novosti.ucoz.ru](http://www.pau-novosti.ucoz.ru))

Желтоқсан айының 3-де Ташкенттің Қалалық қылмыстық істер бойынша соты тіркелмеген Өзбекстан Құқық қорғаушы Альянсының мүшесі Фархадхон Мухтаровтың ісі бойынша апелляцияны қарастырды.

Сот бұдан бұрынғы шешімін жұмсартып, құқық қорғаушыға жазасын төрт жыл түрмеде өтеуге шешім шығарды.

Екі ай бұрын қылмыстық істер бойынша Ташкенттің Юнус-Абад аудандық соты 41 жастағы құқық қорғаушыны ұйымдасқан топтың мүддесі үшін алаяқтық жасап, пара берді деп айыптап, бес жылға бас бостандығынан айыру туралы шешім шығарған еді.

Фархадхон Мухтаров 2009 жылы 17 шілдеде қамауға алынды. Осының алдында ол өзінің екі пәтерін сатпақ болады және сатып алушылардан келдікке ақшаның біраз бөлігін алған да еді.

Ташкент қаласының тұрғыны Шаир Садықбекованың арызы негізінде құқық қорғаушыға қарсы қылмыстық іс қозғалады, Шаир Садықбекова өз арызында Мухтаровқа үш жыл бұрын сотта қоғамдық қорғаушы болғаны үшін төрт мың америка доллары көлемінде пара бергендігін жазады.

Арызданушының сөзі бойынша Мухтаров бұл ақшаны сотқа беруге тиіс еді.

2009 жылдың көктеміне дейін көптеген соттарға әлеуметтік ақтаушы ретінде қатысушы, сонымен қатар құқық қорғаушылардың адамдарды азаптауға және балаларды мақтада мәжбүрлеп жұмыс істеуге қарсы пикеттеріне қатысушы Мухтаров тергеулер кезінде де және сотта да өзіне тағылған кінәні жоққа шығарып, өзіне қарсы билік иелерінің «тапсырмасы орындалуда» деп айтты.

2009 жылдың 20 қарашасында халықаралық құқық қорғаушы Хьюман Райтс Вотч ұйымы құқық қорғаушының ісін әділетті түрде қайта қарауды талап етті.

Істі қайта қарау кезінде айыпталушы жағынан куәгер Рано Азимова және айыпталушының өзі де «істе құжатты фальсификациялау орын алғандығын..., бірақ сот (бірінші отырыста) оны есепке алмағандығын» айтып жариялады.

«Арызданушы Садықбекова ақшаны Мухтаровқа пара ретінде бермегендігін мойындады, сондықтан да пара туралы бап дәлелденбеді», - дейді Құқық қорғаушы Альянстың өкілі Олег Сарапулов.





## ТҮРКМЕНСТАНДА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ҚАЗІРШЕ ОРЫН ЖОҚ

*Орта Азиядағы IWPR қызметкерлері*



NBCA шолушылары миграция туралы жаңа заң Түркменстан азаматтарының орын ауыстыру еркіндігін шектейді деп қауіптенеді.

2 желтоқсанда Президент Гурбангулы Бердымухаммедов «Түркменстанның көші-қон қызметі туралы» Заңға қол қойды.

Құжат жаңа тәртіптермен толықтырылған, мысалы жеке әскердің болуы, оның қызметі аса шұғыл, мерзімнен тыс тапсырмаларға дайын болуы, шекарашылардың тексеру пункттеріндегі міндетті болып келген тәлқұжатты бақылауда көші-қон қызметі міндетіне бөлу дегендей.

Ашхабаттық заңгер заңның 14-бабына назар аударған – шұғыл іздестіру өкілдігі міндетін көші-қон қызметі қарастырады, негізінде бұл саламен құқық қорғау ұйымдары және қауіпсіздік қызметі шұғылдануы керек.

«Көші-қон қызметінің міндеттері басқа»-деп таң қалды заңгер.

Бұрын көші-қон ұйымдарының жұмысы ведомствалық норматив актілері және 2005 жылы

қабылданған «Көші-қон туралы» Заңмен реттелетін. Түсініктеме берушілер көші-қон қызметінің қазіргі кезде өте қатаң тәртіппен жүргізілетіндігін, билік иелерінің ауызша нұсқауымен арнайы тетіктер арқылы Түркменстанға шетелдіктердің келуін азайтып, азаматтардың жүріп-тұруын шектейтіндігін айтады.

«Миграциялық қызмет адамдардың үстінен шексіз билікпен қарай алады, олар өздерінің «қара тізімдеріне» ешқандай жазасыз кімді де болса жаза алады және мұның неге бұлай жасалғанын ешқашан біле алмайсың. Олар мойындамайды, айтпайды», - деп өз наразылығын білдірді Ашхабад тұрғыны. Ол осыдан бірнеше жыл бұрын сыртқа шығуға рұқсат берілмейтін және сенімсіз адамдардың қатарына қосылған болатын.

Болгариялық адам құқығы бойынша Түркменстандық Хельсинки Қорының көшбасшысы Таджигуль Бегмедова жаңа заңды күнделікті өмірде қолдану үшін миграциялық қызметке өздерінің жұмыс стилін қайта тарастыру керек дейді.

«Заңда миграциялық қызмет «жариялылық жағдайында қызмет етуі керек» деп жа-зылған, бірақ, күнделікті өмірде олай емес», - дейді Бегмедова. – «Тағы бір тармақта «миграция мәселелері бойынша заң бұзды деген күдікпен айып тағылып, қамауға алынған азамат, Миграциялық қызметтің қызметкерлерінен олардың құқықтары мен еркіндігін шектеуге байланысты ақпарат алуға құқы бар» деп жазылған. Ал шын мәнінде осындай жағдайға тап болған азаматтар оларға шет елге шығуға неге тыйым салынғанын біле алмайды»

Құқыққорғаушылардың мәліметтеріне қарағанда «қара тізімге» он жеті мыңға дейінгі адам іліккен, олар: тәуелсіз журналистер, азаматтық белсенділер, қоғамдық ұйымдар өкілдері, оппозиционерлердің туыстары және басқа да өзгеше ойлайтын азаматтар.

Олардың шет елге өз жұмысымен, болмаса бір іспен шыққысы келген әрқайсысы-ақ әуежайдағы кедендік бақылауда тоқтатылып, рейс-тан қалады.

Осы жазда көптеген Қырғызстан астанасы – Бішкекте орналасқан шет елдік ЖОО-ның студенттері (жекелеп алғанда Орта Азиядағы Америка Университеті) осындай жағдайға тап болып жатты. Оларға демалыстан кейін Түркменстанды тастап шығуға тыйым салынды. Биліктің оларды жүріп-тұруға неге тыйым салғаны әлі күнге белгісіз.

Шолушылар миграциялық қызметтің жақын туыстарға түсініксіз себептермен жүріп-тұруға тыйым салғанына байланысты бүтінде бір отба-

сылардың ажырағаны жайында айтады.

«Бұл қызмет көп жағдайда паспортты [сыртқа шығу үшін қажет құжаттарды алуға берілген] қайтармайды немесе мерзімі біткенше ұстап отырады, ал содан кейін мерзімі бітті деген желеумен адамды құжатсыз қалдырады», - дейді Ашгабадтағы шолушылардың бірі.

Осындай оқиға ашгабадтық отбасымен болған, паспортының құжаты өтіп кеткен күйеуі Арменияға депортацияға кетеді, ал әйелі, міне, көп уақыт бойы түрлі ылік орындарына хат жазып жүр.

«Күйеуімді мұнда миграциялық қызмет жібермейді, президенттік кеңес [құқыққорғау органдарына жасалған арыздарды қарастыратын президент жанындағы кеңес] менің хаттарыма жауап жазбайды, ал сот арызымды қабылдамайды», - дейді әйелі.

Жаңа заң миграция органдарының қызметін реттейді, бірақ шын мәнінде олардың жұмысында қанда да бір өзгерістер күтуге болмас дейді түсінік берушілер.

«Бізде жақсы заңдар жиі қабылданады, бірақ кім оларды орындап жатыр? Бұл заң бізді жәбірлеуге құқық береді», - дейді NBCA-ның медиашолушысы.





### **Institute for war & peace reporting**

48 Gray's Inn Road  
London, WC1X 8LT, UK  
Tel: (44 20) 7831 1030  
Fax: (44 20) 7831 1050  
Web: [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net)  
E-mail: [info@iwpr.net](mailto:info@iwpr.net)


---



### **Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қырғыз Республикасы,  
Бішкек қ., 720017  
Тоголок Молдо к-сі, 18-2  
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70  
Факс: + 996 312 61 38 70  
E-mail: [iwpr.kyrgyz@iwpr.net](mailto:iwpr.kyrgyz@iwpr.net)

---



### **Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., 050000  
Қазыбек би к-сі 50  
2 қабат, 84 кеңсе  
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90  
E-mail: [iwpr.kazakhstan@iwpr.net](mailto:iwpr.kazakhstan@iwpr.net)

---



### **Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Тәжікстан Республикасы  
Душанбе қ., 734003  
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат  
Тел.: + 992 372 24 70 26  
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51  
E-mail: [iwpr.tajikistan@iwpr.net](mailto:iwpr.tajikistan@iwpr.net)

---

IWPR осы жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, жарияланымның Еуро Одақ мемлекеттерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.